

Сұрағым бар...

Әлеуметтік кодекске енгізілген өзгерістер күшіне енгеннен кейін азаматтардың зейнетақы жинақтарымен не болмақ? Олардың сақталуына кепілдік беріле ме? Бұл кепілдік немен қамтамасыз етіледі?

Әлеуметтік кодекстің 217-бабында 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап *«Мемлекет зейнетақы төлемдерін алушыларға Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуына кепілдік береді»* деп көзделген.

Мемлекеттің зейнетақы активтерінің сақталуына беретін кепілдігі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) мен инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) қызметін реттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (Ұлттық банк, ҚРҰБ) де, ИПБ-лардың да инвестициялық қызметіне қойылатын талаптарды белгілеу, зейнетақы активтерін орналастыру кезінде оларды әртараптандыру және тәуекелдерді төмендету жөніндегі талаптарды сақтау, сондай-ақ басқа да реттеуші нормалар арқылы қамтамасыз етіледі.

Жалпы алғанда жинақтаушы зейнетақы жүйесі және қазақстандықтарды зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі мемлекеттік реттеу, бақылау мен жауапкершілік аясында қала береді.

Зейнетақы активтерін кім басқарады?

Зейнетақы активтерін инвестициялауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚР ҰБ), сондай-ақ 2021 жылдан бастап тиісті лицензиясы бар және уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) жүзеге асырады. Зейнетақы жинақтарын осындай сенімгерлік басқарудың негізгі мақсаты – оларды түрлі қаржы құралдарына инвестициялау және инвестициялық кіріс алу.

Зейнетақы активтерін басқаратын ҚР ҰБ мен ИПБ-лардың өздерінің инвестициялық стратегиялары бар және олар инвестициялық декларация шеңберінде инвестициялық портфельдің құрылымын дербес айқындайды.

ИПБ-лардың қолданыстағы тізіліміне қазақстандықтар өздерінің зейнетақы жинақтарын басқаруға бере алатын 6 жеке компания кіреді: «Alatau City

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМДЫ ІШТЕН БҰЗАТЫН ДЕРТ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар өткір тұр. Сыбайлас жемқорлық-бұл үнемі мұқият зерделуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді.

Сыбайлас жемқорлық — қоғамды іштен бұзатын дерт. Онымен күресу — тек заң

органдарының емес, әрбір азаматтың борышы. Адалдық, әділдік пен жауапкершілік әр адамның жүрегінде болса, сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабуға болады. Сондықтан ел болашағы үшін әрқайсысымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік танытып, мемлекетіміздің дамуына өз үлесімізді қосуымыз керек.

Өкінішке қарай қазіргі қоғамда сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жоғары билік өкілдеріне қатысты деген қате түсінік қалыптасқан. Негізінде сыбайлас жемқорлықпен күрес әр адамның жеке принциптері

мен әр отбасындағы тәрбиеде көрініс табуы қажет. Әсіресе сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік ұғымы мен ұстанымы баланың бойына ата-анасының тәрбиесі арқылы сіңуге тиіс деп есептеймін. Өйткені іргетас сапалы болған кезде ғана жарқын болашақ болары анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу — әр азаматтың парызы. Сондықтан замандастарымды, жастарды азаматтық борышты бірлесіп өтеуге шақырамын.

М.ПАРМАНКУЛОВ
Тұран ауылдық округінің әкімі

Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ, «Halyk Finance» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «Tansar Capital» АҚ.ИПБ туралы ақпаратпен танысып, олардың инвестициялық декларацияларын www.enprf.kz сайтындағы «Қызметтер» – «Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі» бөлімінен, сондай-ақ invest.enprf.kz ақпараттық интернет-платформасы арқылы зерделеуге болады.

Заңнамалық өзгерістерде міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 100%-ына дейін инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) басқаруына беру мүмкіндігі көзделген. Бұл механизм қалай жұмыс істейді?

Әлеуметтік кодекстің 40-бабына сәйкес салымшыларға өздерінің зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның басқаруына беру және/немесе оларды Ұлттық Банктің басқаруында қалдыру туралы шешімді дербес қабылдау құқығы берілген.

2026 жылғы қыркүйекте салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейтін заңнамалық өзгерістер де күшіне енеді. Егер қазіргі уақытта салымшылар міндетті зейнетақы және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50%-ына дейін, ал ерікті зейнетақы жинақтарының 100%-ына дейін ИПБ-ның басқаруына бере алатын болса, күзден бастап олар ерікті зейнетақы жинақтары сияқты міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтарын да толық көлемде ИПБ-ның басқаруына бере алады.

Салымшы бір немесе бірнеше ИПБ-ны, сондай-ақ түрлі инвестициялық портфельдерді, яғни зейнетақы активтерін басқару үшін ИПБ ұсынатын инвестициялық стратегияларды өз бетінше таңдай алады. Бұл стратегиялар тәуекел деңгейі, күтілетін кірістілік және инвестициялау мерзімі бойынша ерекшеленеді. Ақшаны ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру үшін салымшы белгіленген нысандағы өтінішті беруі қажет. Мұны электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, enprf.kz сайтындағы жеке кабинеті, **invest.enprf.kz интернет-платформасы** арқылы немесе БЖЗҚ-ның көз келген бөлімшесіне барып жасауға болады.

БАНКРОТ ДЕП ТАНУ ЖӘНЕ ОҢАЛТУ ТӘРТІБІН ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ

Қазіргі таңда азаматтар мен заңды тұлғалардың қаржылық жағдайына байланысты мәселелер қоғамда жиі кездеседі. Несие, салық, шарттық және өзге де міндеттемелер бойынша берешектің уақытында өтелмеуі борышкердің төлем қабілеттілігіне кері әсер етуі мүмкін. Осындай жағдайда заңнамада көзделген банкроттық және оңалту рәсімдері қаржылық қиындықтарды заңды түрде шешудің маңызды тетіктері болып табылады.

Банкроттық – борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылатын рәсім. Оның мақсаты – борышкердің және кредиторлардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, қалыптасқан берешекті заңда белгіленген тәртіппен реттеу.

Қазақстан Республикасының заңнамасында банкроттықтың бірнеше рәсімі қарастырылған. Азаматтарға қатысты соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдері қолданылуы мүмкін. Рәсімді таңдау борышкердің қаржылық жағдайына, берешектің көлеміне және заңда белгіленген басқа да талаптарға байланысты жүзеге асырылады.

Соттан тыс банкроттық рәсімі заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін азаматтарға сотқа жүгінбей-ақ берешегін реттеуге мүмкіндік береді. Ал сот арқылы банкроттық рәсімі сот тәртібімен жүргізіледі және борышкердің мүлкі мен кредиторлар алдындағы міндеттемелеріне қатысты мәселелер заң талаптарына сәйкес қаралады.

Сонымен қатар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі де маңызды. Оның басты мақсаты – азаматты банкрот деп жарияламай, оның қаржылық жағдайын тұрақтандыру және қарыздарын өтеу мүмкіндігін қалпына келтіру. Бұл борышкерге өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырып,

қаржылық қиындықтан шығуға мүмкіндік береді.

Заңды тұлғаларға қатысты да банкроттық пен оңалту рәсімдері қарастырылған. Оңалту рәсімі уақытша қаржылық қиындықтарға тап болған, бірақ қызметін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндігі бар кәсіпорындардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталады. Мұндай рәсім кәсіпорынды сақтап қалуға, жұмыс орындарын қамтамасыз етуге және кредиторлардың талаптарын реттеуге ықпал етеді.

Банкроттық пен оңалту рәсімдерін қолдану кезінде борышкердің ғана емес, кредиторлардың да құқықтары қорғалуы тиіс. Сондықтан мұндай рәсімдер заңда белгіленген тәртіппен, тиісті құжаттар мен дәлелдер негізінде жүзеге асырылады.

Азаматтар мен кәсіпкерлер өздерінің қаржылық міндеттемелеріне жауапкершілікпен қарап, қарыздарын өтеу мүмкіндігі болмаған жағдайда заңда көзделген рәсімдер туралы уақытылы ақпарат алғаны жөн. Құқықтық сауаттылықтың жоғары болуы қаржылық мәселелерді дұрыс шешуге және заңсыз әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, банкроттық және оңалту рәсімдері – қаржылық қиындықтарды шешуге бағытталған маңызды құқықтық құралдар. Банкроттық борышкердің орындалмаған міндеттемелерін заң аясында реттеуге мүмкіндік берсе, оңалту рәсімі оның төлем қабілеттілігін сақтап қалуға және қалпына келтіруге бағытталған. Бұл рәсімдердің тиімді қолданылуы азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға, кредиторлардың талаптарын қамтамасыз етуге және экономикалық тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

Бегимбаев Ринат
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

МЕДИАЦИЯ – ТАРАПТАР АРАСЫНДАҒЫ ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Қазіргі таңда қоғамдағы түрлі даулар мен келіспеушіліктерді өркеніетті жолмен шешу маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Дауды сот арқылы шешу әрдайым тараптар үшін уақыт пен қаржылық шығынды талап етеді. Осындай жағдайда тараптардың өзара келісімге келуіне мүмкіндік беретін тиімді тәсілдердің бірі – медиация.

Медиация – тараптардың ерікті түрде келісімге келуі арқылы дауды шешуге бағытталған рәсім. Оның басты ерекшелігі – тараптар өзара тиімді шешімді өздері қабылдайды. Ал медиатор тараптардың бірінің жағына шықпай, олардың арасында келіссөз жүргізуге және ортақ шешімге келуіне ықпал етеді.

Медиацияның негізгі қағидаларының бірі – еріктілік. Яғни тараптар медиация рәсіміне өз еркімен қатысады және кез келген уақытта одан бас тарта алады. Сонымен қатар медиатордың бейтараптылығы мен тәуелсіздігі, тараптардың тең құқықтылығы және құпиялылық қағидалары сақталады.

Медиацияның тиімді тұстары көп. Біріншіден, дау сот процесіне қарағанда қысқа мерзімде шешілуі мүмкін. Екіншіден, тараптар артық шығындарға ұшырамайды. Үшіншіден, медиация тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтап қалуға мүмкіндік береді. Себебі оның негізгі мақсаты – бір тараптың жеңуі емес, екі тарапқа да қолайлы шешімге қол жеткізу.

Медиация отбасылық, еңбек, азаматтық және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешуде маңызды рөл атқарады. Әсіресе адамдар арасындағы өзара түсініспеушілік пен келіспеушіліктерді сотқа жеткізбей шешудің қоғам үшін маңызы зор.

Медиатордың жұмысы тараптарды татуластырумен ғана шектелмейді. Ол әр тараптың пікірін тыңдап, даудың себептерін анықтауға, тараптардың мүдделерін ескеруге және өзара тиімді шешім табуға жағдай жасайды. Бұл ретте медиатор шешімді тараптардың орнына қабылдамайды, тек келісімге келу процесін ұйымдастырады. Қазіргі таңда дауларды бейбіт жолмен шешу мәдениетін қалыптастыру – құқықтық қоғам құрудың маңызды бағыттарының бірі. Медиация осы мақсатқа қол жеткізудің тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, медиация – дауды шешудің баламалы ғана емес, тараптардың уақытын, қаражатын және өзара қарым-қатынасын сақтауға мүмкіндік беретін тиімді тәсіл. Дауды өршітпей, өзара келісім арқылы шешу – қоғамдағы тұрақтылық пен татулықты нығайтудың маңызды кепілі. Сондықтан медиация институтын кеңінен насихаттау және азаматтардың оның мүмкіндіктері туралы құқықтық сауаттылығын арттыру – баршамызға ортақ міндет.

А. ҮСЕНХАНҚЫЗЫ
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот отырысының хатшысы

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАМТЫЛДЫ МА?

■ **Санаулы күндерден кейін жаңа оқу жылы басталады. Білім беру мекемелерімен қатар ата-аналар үшін де жауапты кезеңде құқық қорғау орындарының қызметі ерекше. Өйткені бала қауіпсіздігі – қоғамның басты шарты. Осы ретте жаңа оқу жылында балалар қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етіледі деген сұрақ төңірегінде Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Қызылорда облысының Полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Е.Жәукеев брифинг берді.**

Биылғы оқу жылында облыстағы 302 мемлекеттік мектепте 1-11 сыныптағы оқушылар саны 190 мыңнан асады деп күтілуде. 18 мыңға жуық алғаш рет мектеп табалдырығын аттайын деп отыр.

Осыған орай «Білім күніне» арнайы іс-шаралар жоспары әзірленіп, барлық жалпы білім беретін оқу орындарында, сондай-ақ, оған іргелес аймақтарда оқушылар арасында келеңсіз жағдайларды, жол көлік оқиғаларының алдын алу және іс-шара барысында қоғамдық қауіпсіздікті сақтау үшін облыс бойынша қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 500-ден аса қызметкер және 100-ден аса қызметтік автокөлік жұмылдыру жоспарланған.

Сонымен қатар іс-шараға жұмылдырылған қызметкерлер тарапынан өткізілуі жоспарланған жиындарда ұстаздар қауымына, ата-аналар мен оқушыларға қысқаша түсіндірме жұмыстарын

жүргізетін болады.

Іс-шараға бөлінген қызметкерлерден бөлек жалпы қала және аудан орталықтарындағы қоғамдық орындар мен көшелерде, парктер мен скверлерде, орталық алаңдарда қоғамдық тәртіпті сақтауға тәулік бойына қосымша қызметкерлер қызмет атқарады.

Жаңа оқу жылының алғашқы күндерінен бастап күнделікті мектеп алдындағы жол өткелдерінде балалар травматизмінің алдын-алу мақсатында таңертең, түскі және кешкі уақытта ювеналды және патрульдік полиция инспекторлары кезекшілікте болады.

Ішкі істер министрінің нұсқауына сәйкес 15-тамыз бен 30-қыркүйек күндері аралығында республикалық «Назар аударыңыз, балалар!» кең көлемді жедел профилатикалық іс шарасы өткізілуде.

Аталмыш іс-шара аясында көше-жол қозғалысының жай-күйіне жауапты ұйымдармен бірлесіп, мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарының іргелес аумақтарын тексеріп, оларды абаттандыру және балалардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белгіленген талаптарға сәйкестендіру бойынша және білім беру ұйымдарындағы бейнекамераларды Жедел басқару орталығына толық және сапалы қосу жөнінде шаралар қабылдануда.

Облыс әкімі М.Ергешбаевтың төрағалығымен 18 тамызда «Жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы» өткізілген мәжілісте Полиция департаментіне білім басқармасымен бірлесіп ауылдық жерлерде жоғары сынып

оқушыларының мектепке күзгі егін науқаны аяқталғаннан кейін баруына жол берілмеуін, жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттері арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында рейдтік профилактикалық шараларды тұрақты түрде ұйымдастыру, барлық білім беру ұйымдарында балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықтық мәдениет қалыптастыру және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған құқықтық тәрбие жұмыстарын күшейту, құқық бұзушылық жасаған балаларға және олардың ата-аналарына қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Тапсырма негізінде тиісті сала қызметтерімен бірлесіп жаңа оқу жылында жұмыстар жүргізіледі. Жыл басынан көмелетке толмағандар мен жастар арасында әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған «Жасөспірім», «Көктемгі демалыс», «Балалар түнгі қалада», «Құқықтық тәртіп» атты жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Тек полиция күшімен көмелеттік жасқа толмағандардың және оларға қарсы жасалатын қылмыстарды тыю мүмкін емес. Сол себептен қоғам болып барлығымыз бала тәрбиесіне аса көңіл бөлсек, оң нәтиже болары анық.

Ата-аналар тарапынан балалардың беймезгіл уақытта, яғни түнгі сағат 23:00-ден таңғы 06:00-ге дейін ойын-сауық, қоғамдық орындар мен көшелерге шықпауын бақылау, көшеде жолдың белгіленбеген орындарын кесіп өтпеу керек



екендігін және бастауыш сыныбының, яғни 1-4 сынып оқушыларын сабаққа жалғыз жібермеу қажет.

Жас балалардың ойын алаңдарында, көшелерде, жол бойында және басқа да орындарда жалғыз жүруіне, бейтансы азаматтармен сөйлесуіне жол бермеу қажет.

Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында Мемлекет басшысы ана мен баланы қорғау шараларын күшейту қажеттігіне жүйелі түрде назар аударуда.

Осы мәселенің өзектілігін ескере отырып, Ішкі істер министрі 2026 жыл «Заң мен Тәртіп – қауіпсіз балалық шақ кепілі» жылы деп жариялады.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың
«Желтоқсан и К» ЖШС		Газет Қазақстан Республикасы	Газет редакцияның компьютерлік	позициясы мен фактілері үшін
	Қызылорда қаласы	Байланыс және Ақпарат Агенттігінде	орталығында теріліп, беттелді. Газет	редакция жауап бермейді.
Бас редактор	Абай даңғылы, 59/1	тіркеліп	Қызылорда қаласындағы	Қолжазбалар өңделеді және
Сәрсенкүл Бөйдешқызы		№14611-Г «7» қараша	«PRINT» баспаханасында	авторларға қайтарылмайды.
БІҚОЖАЕВА		2014 жылы куәлігі берілген.	басылды.	Газет материалдарын көшіріп басу
	Телефон: 23-16-08	Алғашқы есепке қою кезіндегі	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы,	үшін міндетті түрде редакцияның
Бас редактордың орынбасары	23-16-11	нөмірі мен мерзімі	А. Байтұрсынов көшесі, №49	рұқсаты керек.
Айдана ӘЛИАРЫСТАН		№1026-Г - 11.01.2000 ж	Таралу аумағы:	Сурет сапасына редакция жауап
		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Қазақстан Республикасы	бермейді
			Тапсырыс	

ЕРГЕШБАЕВ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ Орындалуын тексеріп жүр...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев, қала әкімі Нұржан Ахатовпен Қызылорда қаласының шағын аудандарын аралады. Аймақ басшысы бұған дейін шағын

аудандар тұрғындарына қолайлы орта қалыптастыру үшін тазалық пен абаттандыруға байланысты нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Тұрғындар Абай даңғылы бойындағы



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» — ОТБАСЫ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ

Қызылорда қаласындағы «Құзыреттілік орталығында» «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық байқауының облыстық кезеңін қорытындылауға арналған салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен қоғамдық ұйымдардың белсенділері қатысты.

Аймақ басшысы отбасы – қоғамның алтын діңгегі, ұлттың рухани тірегі екенін атап өтіп, қатысушыларға ризашылығын білдірді.

– «Баршаңызды отбасы құндылығын ұлықтап, шаңырақтың шырайын, ұрпақ тәрбиесінің өнегесін дәріптейтін «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінің қорытындысымен шын жүректен құттықтаймын!

Жыл сайын әр аймақтан өнегелі отбасылар байқауға белсене қатысып,



құрметке ие болып келеді. Биыл қала, аудандардан 220 отбасы қатысып, 16 отбасы үздік деп танылды. Осындай үлгілі әулеттер ұрпақ сабақтастығын сақтап, құндылықтарды насихаттауға негіз қалайды.

Президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлы: «Отбасы институты еңбекқорлық, білімпаздық, тілектестік сынды «Адал азаматқа» тән қасиеттерді қоғамда жан-жақты дәріптеу арқылы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосады», – деп атап өтті.

Халықтық Конституциямызда отбасы мен ұрпақ тәрбиесінің қоғам өміріндегі орны айқын көрініс тапқан. Сондықтан отбасының мәртебесін көтеру, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау – баршамызға ортақ міндет.

Шаңырақтың беріктігін сақтап, сыйластық пен мейірімділікті өмірінің өзегіне айналдырған барша отбасыларға шынайы ризашылығымды білдіремін. Әрбір шаңыраққа баянды бақыт, амандық пен бақ-береке тілеймін!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Өңірде әр отбасының әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге ерекше мән берілуде. Бүгінде облыста 17 500-ге жуық көпбалалы отбасы мемлекет тарапынан тұрақты қолдауға ие. Соңғы төрт жылда тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер кілті беріліп, 30 мыңнан аса жерлесіміз баспаналы болды. 2026-2027 жылдары 6200-ден астам пәтер ел игілігіне табысталып, 25 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешу жоспарлануда.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы облыстық кезеңінің жеңімпазы Құтмамбетовтер отбасы деп танылып, (Арал ауданы) бас жүлдені иеленді.

Шиелілік Бәкіровтер отбасына I-ші орын, қазалылық Досхожаевтар отбасына II-ші орын, қызылордалық Бимұратовтар отбасына III-ші орын берілді.

Мұнан бөлек «Ұлағатты отбасы» номинациясы Арал ауданынан Жұмағалиевтер отбасына, «Берекелі отбасы» номинациясы Қазалы ауданынан Шахмарановтар отбасына, «Бәйтерек отбасы» номинациясы Қармақшы ауданынан Тортаевтар отбасына, «Кемел отбасы» номинациясы Қармақшы ауданынан Қиясовтар отбасына, «Жігерлі отбасы» номинациясы Жалағаш ауданынан Түлековтер отбасына, «Ынтымақты отбасы» номинациясы Жалағаш ауданынан Ахметовтер отбасына, «Еңбекқор отбасы» номинациясы Сырдария ауданынан Бисеновтер отбасына, «Өнегелі отбасы» номинациясы Сырдария ауданынан Бұрхановтар отбасына, «Мәуелі отбасы» номинациясы Шиелі ауданынан Әбішовтер отбасына, «Үлгілі отбасы» номинациясы Жаңақорған ауданынан Ақылбековтер отбасына, «Өнерлі отбасы» номинациясы Жаңақорған ауданынан Әуелбековтер отбасына, «Шуақты отбасы» номинациясы Қызылорда қаласынан Бодановтар отбасына табысталды.

Жеңімпаздар сыйлықтар және қаржылай сертификаттармен марапатталды. Шара соңы мерекелік бағдарламаға ұласты.

Отбасы құндылығын дәріптеу, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беру бағытында «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы» жүйелі жұмыс жүргізеді. Аудандардағы «Руханият орталықтары» жас отбасыларға қолдау көрсетіп, маңызды басамаларды жүзеге асырып келеді.

№62 үйдің ауласына балалар ойын алаңын салып беруді және ауланы жарықтандыруды сұраған.

Мұрат Нәлқожаұлы осы жолғы аралау кезінде өткенде берілген тапсырмалардың нәтижесімен танысып, бұл жұмысты одан әрі жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ «Астана», «Арай» шағын аудандарындағы, сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйлер аулаларының, көшелер мен жаяу жүргіншілер жолдарының тазалығы, абаттандырылуы тексерілді.

Аяқсу мәселесі де назардан тыс қалмады.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес Н.Назарбаев даңғылындағы насос қондырғысы мен құбырлар іске қосылып, Бөкейхан көшесінің Абай даңғылынан Яссауи көшесіне дейінгі ұзындығы 2 шақырым болатын арық жүйесіне аяқсу берілді. Яссауи мен Шүкiров көшесінің қиылысына насос қондырғысы орнатылып, Бөкейхан көшесінен Ғ. Мұратбаев көшесіне дейінгі аралықтағы ұзындығы 960 метр арыққа да су жіберілді.

Жалпы қаладағы 68 көшеде 98,6 шақырым арық жүйесі бар.

ЖАҢА ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өңірде бірқатар маңызды жоба қолға алынғаны белгілі. «Мемсараптама» РМҚ бас директоры Тимур Қарағойшиннің төрағалығымен өткен жиында облыс әкімі Мұрат Ергешбаев тікелей байланыс арқылы қатысты. Өйткені

Жиында алдағы уақытта жүзеге асырылатын жаңа жобалардың жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеу, мемлекеттік сараптамадан өткізу және құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру барысы қаралды.

Ірі жобаның бірі – Қызылорда қаласындағы Тоқтыбаев көшесінен Сырдария өзені арқылы өтетін жаңа автомобиль көпірі. Жаңа көпір қаланың көлік инфрақұрылымын дамытуға, жол қозғалысын реттеуге және шаһардың екі бөлігін байланыстыруға мүмкіндік береді.

Жобалық шешімге сәйкес көпірдің жалпы ұзындығы 338,5 метр, төрт жолақты. Қазіргі уақытта жоба-сметалық құжаттаманы «Тека Проект» ЖШС демеушілік қаражат есебінен әзірлеп, мемлекеттік сараптамаға жіберді. Оң қорытындыны алдағы қыркүйек айында алу көзделіп отыр.

Тағы бір жоба – Президент саябағы аумағында салынып жатқан жаңа драма театрдың құрылысы.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында жаңа драма театр салуды тапсырды. Осы жылдың сәуір айында театрдың іргетасы қаланды.

Жаңа ғимарттың жалпы аумағы 4 мың шаршы метрден асады, 520 көрерменге арналған. Мұнда репетициялық залдар, студиялар, шығармашылық кеңістіктер мен әкімшілік кабинеттер қарастырылған. Сонымен қатар театр заманауи сахналық техникамен, қуатты дыбыс жүйесімен және соңғы үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Бұл өз кезегінде түрлі жанрдағы қойылымдарды жоғары кәсіби деңгейде сахналауға мүмкіндік береді.

Жиын қорытындысы бойынша аталған жобалар жан-жақты талқыланып, ұсыныс-пікірлер ортаға салынды.

90 ПӘТЕРДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаевтың қатысуымен сол жағалаудағы екі көпқабатты тұрғын үйдің 90 пәтері әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасыларға табысталды.

Салтанатты шараға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары және қала тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

– «Баршаңызға көптен күткен жаңа қоныс құтты болсын!

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қолжетімді баспана – арман емес, біздің азаматтарымыздың алдындағы

бүлдіршіндердің күлкісі естіліп, татулық салтанат құра берсін!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Рәсімде ел ағасы Бақберген Досманбетов сөз сөйлеп, тұрғын үйді салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен соңғы төрт жылда тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер беріліп, 30 мыңнан астам жерлесіміз баспаналы болды.

2026-2027 жылдары 6200-ден астам пәтер табысталып, 25 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешу



міндетіміз», – деген болатын. Бұл бағытта Сыр өңірінде байыпты бастамалар сәтті жүзеге асуда. Тұрғындардың әл-ауқатын арттыру үшін жайлы баспанамен, әлеуметтік нысандармен қамту жүйелі жолға қойылған.

Бүгін кезекте тұрған жерлестерімізге аумағы 7 мың шаршы метрден асатын 90 пәтердің кілтін салтанатты түрде табыстаудамыз. Алдағы уақытта да шаһардың ажарын айшықтайтын заманауи үлгідегі тұрғын үйлер бой көтереді.

Жаңа қоныс құтты, шаңырақтарыңыз биік, босағасы берік болсын, іші береке мен мерекеге толсын! Әр отаудан

жоспарлануда.

Бүгінде сол жағалауда бой көтерген 169 нысанның 136-сы - көпқабатты тұрғын үй. Жаңа шағын аудан тұрғындарының саны 25 мыңнан асты.

Халыққа жайлы орта қалыптастыру мақсатында 20 әлеуметтік, 13 ірі бизнес нысаны бой түзеп, ел игілігіне қызмет етуде.

Қазіргі уақытта тағы 48 ғимарат салынып жатыр. Сондай-ақ И.Тоқтыбаев көшесінен сол жағалауға өтетін төрт жолақты жаңа көпір құрылысы жоспарда бар.

Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан ТӨРӘЛИЕВ:

25 МЫҢҒА ЖУЫҚ ТҰРҒЫН БАСПANAЛЫ БОЛАДЫ

Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен соңғы отырысында Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдыруымыз керек деп жауапты және шұғыл міндеттер мен тапсырмалар берген болатын. Бүгінгі күні өңіріміздің құрылыс саласы Мемлекет басшысы мен Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында қарқынды дамып, он нәтижелерге қол жеткізудеміз. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан жасалып жатқан ерекше қолдаудың арқасында облысымыздың құрылыс саласының қарқыны өте жоғары болып отыр.

Биылғы жылдың алты айында құрылыс жұмыстарының көлемі 131,3 пайызды құрап, республика көлемінде екінші орынға шықтық. Ал, пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 355 мың шаршы метрге жетіп, көрсеткіш 101,3 пайызға орындалды. Жалпы жыл соңына дейін қаржыландырудың барлық көздері есебінен 950 мың шаршы метр тұрғын үйді

пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бөлінген қаржыға Сол жағалауда барлығы 252 пәтерді құрайтын 7 қабатты 3 кредиттік тұрғын үй және облыс көлемінде тұрғын үй кезегінде тіркелген азаматтар үшін 6010 пәтер сатып алу көзделіп отыр. Бұл өз кезегінде 25 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешетін болады.

Сонымен қатар жаңа тұрғын үй аумақтарында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге 38 жоба жүзеге асатын болады.

Сырдария өзенінің сол жағалауында онкологиялық бөлімшесімен бірге бір ауысымда 100 келуші қабылдайтын емханасы бар 300 төсек орнына арналған аурухана құрылысы қарқынды жүруде, бұл нысанды осы жылдың аяғына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар ірі әлеуметтік маңызды жобалардың қатарында жабық олимпиадалық бассейн, 2000 орындық әмбебап зал, түрлі спорт секцияларымен



қамтылған, әлемдік сайыстарды өткізуге бейімделген «Қызылорда арена» құрылысын да жыл соңына дейін толық аяқтап, ел игілігіне табыстайтын боламыз.

Қазіргі таңда Сол жағалауда 500 келушіге арналған емхана құрылысы, 200 орынға арналған перинаталдық орталық және Титов мөлтек ауданында 400 келушіге арналған емхана құрылыстары жүруде.

Биылғы жылы Қызылорда қаласында өткен Құрылтайдың V отырысындағы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында драма театр құрылысы мен тәулік бойы жұмыс жасайтын 600 мың кітап қорын сақтауға арналған Президенттік кітапхананың құрылысы басталуда.



Ақсуат ауылдық округінің әкімі Нұрболат Бақытовтың ауыл әлеуетінің алғашқы жартыжылдық қорытындысын жариялады. Брифингте ауылдың әлеуметтік-экономикалық ахуалы, бюджет түсімі, кәсіпкерлікті дамыту, жұмыспен қамту, ауыл шаруашылығы және инфра-құрылым бағытында атқарылған жұмыстар сараланды.

АУЫЛ ҮШІН АЗ КӨРСЕТКІШ ЕМЕС...

Ақсуат – Қызылорда қаласына қарасты іргелі ауылдық округтердің бірі. Соңғы жылдары елді мекен аумағы кеңейіп, халық саны артып келеді. Брифинг барысында округ әкімі Нұрболат Бақытовтың келтірген мәліметіне сүйенсек, бүгінде Ақсуатта 12 196 тұрғын бар. Оның 4 538-і экономикалық белсенді халық санатына жатса, 525 адам өзін-өзі жұмыспен қамтыған. Ал жұмыссыздар саны 37 адамды құрайды.

Бұл көрсеткіштер ауылдың демографиялық әлеуетінің өскенін көрсетеді. Халық көбейген сайын оған сәйкес тұрақты жұмыс орны, инженерлік желі, жол, жарық, әлеуметтік және мәдени инфрақұрылым қажет. Бұл тұрғыда Ақсуаттың бүгінгі даму бағытын тек атқарылған жұмыстардың санымен емес, тұрғындардың күнделікті тұрмысына тигізген әсерімен бағалау маңызды.

БЮДЖЕТ ӨСТІ, САЛЫҚ БАЗАСЫ КЕҢЕЙДІ

Ауылдың экономикалық тынысын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі – бюджет. Осы ретте 2026 жылғы Ақсуат ауылдық округінің бюджеті бастапқыда 165 млн. 581 мың теңге көлемінде бекітілген. Кейін нақтыланып, 1 млрд. 101 млн. 941,9 мың теңгеге жеткен. Ал орындалуы 999 млн. 278,3 мың теңгені құрап отыр.

Өткен жылмен салыстырғанда да бюджет көлемінде айтарлықтай айырмашылық бар. Яғни, 2025 жылы округ бюджеті 2 млрд. 84 млн. 916 мың теңгені құрап, жыл қорытындысында 2 млрд. 84 млн. 843 мың 100 теңгеге орындалған.

Сол сияқты 2026 жылға ауылдың салық түсімдері 67 млн. 740 мың теңге көлемінде жоспарланған. Ал есепті кезеңдегі нақты көрсеткіші 61 млн. 265 мың теңге болғаны айтылды.

Келесі кезекте Ақсуаттағы кәсіпкерлік саоасының ахуалына назар аударсақ, бүгінде округте 602 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 14-і заңды тұлға, 526-сы жеке кәсіпкер болса, 58 шаруа қожалығы және 4 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі бар. Бұл – ауыл үшін аз көрсеткіш емес.

Бұл тұрғыда 2026 жылы «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 42,2 млн. теңгені құрайтын бес жоба қолдау тапқан. Оның ішінде асыл тұқымды ірі

қара өсірудің екі жобасы, асыл тұқымды жылқы өсіру, өзіне-өзі қызмет көрсететін көлік жуу және кілем жуу орталығы бар.

Бұған қоса Аграрлық несие корпорациясы арқылы 2,9 млн. теңгеге егін шаруашылығына қажетті құрал-жабдық алу жобасы қаржыландырылыпты.

Ал өткен жылы кәсіпкерлікке бағытталған қолдау көлемі бұдан да жоғары болғаны байқалады. Яғни,

былтыр 14 кәсіпкер жалпы сомасы 321,8 млн. теңге несие алған. Оның ішінде «Ауыл аманаты» аясында 10 жобаға 68,6 млн. теңге бағытталса, құрылыс материалдарын өндіру жобасына «Даму» қоры арқылы 200 млн. теңге көлемінде қолдау көрсетілген. Осылайша ауыл кәсіпкерлігі біртіндеп дәстүрлі мал шаруашылығынан қызмет көрсету мен шағын өндіріске қарай бет бұрып келеді.

Сонымен қатар ауылда жылыжай, массаж орталығы, темір өнімдерін өндіру, тігін, брусчатка және бордюр шығару, автокөлік жөндеу, кондитерлік өнім өндіру, құс шаруашылығы, гаджет жөндеу, кір сабын өндірісі секілді жобалардың қаржыландырылуы – ауыл экономикасының әртараптанып келе жатқанын көрсетеді.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ АЗАЙЫП, НӘТИЖЕ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Қазіргі таңда Ақсуаттағы экономикалық белсенді халықтың саны 4 538 адамды құрайды. Оның ішінде 525 адам өзін-өзі жұмыспен қамтыса, жұмыссыздар саны 37 адамға тең.

Брифингте мәлім болғандай, жыл басынан бері 40 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Оның ішінде ақилы қоғамдықжұмыстарға 24 адам, «Жастар практикасына» 6 адам, «Күміс жас» бағдарламасына 7 адам тартылған. Бұл жұмыспен қамту бағытында белгілі бір нәтиже бар екенін көрсетеді.

Сондай-ақ 2026 жылдың алғашқы алты айында Ақсуатта 59 отбасына 22 млн 169,9 мың теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған.Өткен жылы мұндай көмек 72 отбасына көрсетіліп, оның көлемі 34 млн. 362,2 мың теңге болған екен.

Осы орайда Ақсуатта әлеуметтік қолдаудың тағы бір жақсы үлгісі қалыптасқанын айта кеткен абзал. Яғни, ауыл кәсіпкерлерінің демеушілігімен биыл тұрмысы төмен және көпбалалы 46 отбасы азық-түлікпен қамтамасыз етіліпті. Қай кезде де мұндай қайырымдылықтың әлеуметтік маңызы зор.

Қазіргі таңда Ақсуат ауылдық округінің жалпы жер көлемі 21 231 гектарды құрайды. Оның 3 961 гектары елді мекен аумағына тиесілі.

Биыл ауылда екі шаруа қожалығы

150 гектарға күріш еккен. Бұған қоса бір жеке кәсіпкер 5 гектарға қияр мен қызанақ өсіріп отыр. Сонымен бірге 50 гектарға жоңышқа егілген.

Сол сияқты нақты уақытта округтегі мал басы 7 291-ге жетіпті. Оның ішінде 2 723 ірі қара, 2 449 қой-ешкі, 2 043 жылқы, 76 түйе және 1 519 құс бар. Бұл – ауыл шаруашылығының Ақсуат экономикасындағы орнын көрсететін нақты көрсеткіштер.

Негізінен Ақсуат үшін көкөніс өсіру, жылыжай шаруашылығы, мал өнімдерін өңдеу сияқты бағыттардың әлеуеті зор. Бұл бағытта да атқарылған жұмыстардың ауқымы кең.

АУЫЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ АЖАРЛЫ

Ақсуаттың соңғы жылдардағы ең маңызды мәселелерінің бірі жаңадан қоныстанған тұрғындарды электр желісіне қосу жұмыстары көптің сұранысын туғызып тұр. Қазіргі таңда бұл бағытта ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр екен. Атап айтқанда жалпы ұзындығы 22,5 шақырым болатын электр желілерін жаңадан қоныстанған тұрғындар тұратын 32 көшеге тарту көзделген. Жобаның құны 1 млрд. 58 млн. теңгені құрайды. Мұны тұрғындар талабын қанағаттандыруға бағытталған маңызды міндет деп бағалауға болады.

Мұнымен қоса Ақсуатта жол жөндеу жұмыстары да кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Бұл тұрғыда А.Абиев, Жаңа тұрмыс, Қырық байтақ, №10 В, Б.Алимов және Т.Қаратаев көшелеріндегі құрылыс жұмыстарына 594,1 млн. теңгеден астам келісімшарт жасалған. Ал Қ.Үсенбаев, Б.Жонбаев, Байтен және Сарыкөл көшелерін қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып, қабылдау рәсімдері жүргізілуде екен.



Келісімшарт құны 325,2 млн. теңге құрап отыр. Сол сияқты М.Махмұтов, Қ.Жұмаев, Ө.Бәйтенов, Д.Мамбетов, М.Стамбеков және Т.Құрманбаев көшелеріне жол жөндеуге арналған жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, құрылыс жұмыстарына қаржы бөлу жөнінде бюджеттік сұраным берілген. Бұған қоса Ө.Досмағанбетов, Б.Елеусізов, Ө.Әлібеков, С.Төлеков және Н.Бәйімбетова көшелерінің жалпы



4,8 шақырым жолына қажетті жобалық-сметалық құжаттар демеушілік қаражат есебінен әзірленген.Бұл жұмыстар ауылдың ішкі көлік қатынасын жақсартып қана қоймай, кәсіпкерлік белсенділікке де оң әсер етері сөзсіз.

Қай кезде де жақсы жол өнімді нарыққа шығарудың, қоғамдық көлікті ұйымдастырудың, жедел жәрдем мен басқа да қызметтердің уақытылы жетуінің кепілі саналады. Осы ретте ауылда атқарылған жұмыстар көз қуантады.

Ауылдың ажары да бір сәтке назардан тыс қалған емес. Бұл бағытта Ақсуатта абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарына ерекше мән беріліп отыр. Атап айтқанда «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодөлізі бойындағы ауылдың кіре берістеріне ағаш көшеттері отырғызылып, қоршау жұмыстары жүргізілген. Бұған қоса 2024 жылы Н.Теребаев көшесі бойына екі қатар 500 ағаш егілсе, 2025 жылы ауылдың шығыс кіре берісіне тағы 300 көшет отырғызылған.Биыл 100 көшетті қоршау жұмыстары жүргізілген.

Мұндай жұмыстар ауылдың сыртқы келбетін жақсартып қана қоймайды.



Көгалдандыру жұмыстарын бірінші кезекте елді мекен тұрғындарының қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыратын маңызды фактор ретінде бағалауға лайық.

Ауылдың кіреберісін көркейту – бір күндік акция емес, тұрақты күтімді қажет ететін жұмыс. Сондықтан отырғызылған көшеттердің жерсiнуi, суарылуы және күнделікті күтімі бақылаудан тыс емес екен.

27.08.2026 жыл

ТАПСЫРМА ЖҮКТЕДІ

Осы аптаның сейсенбiсiнде өткен Үкiмет отырысынан кейiн облыс әкiмiнiң төрағалығымен мәжiлiс өтiп, онда «2027 – 2028 жылдарға арналған әлеуметтiк-экономикалық даму болжамы және 2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңының жобасы және «Жылпыту маусымына дайындық барысы» туралы мәселе қаралды. Бұл жиындағы мiндеттер бойынша қала әкiмдiгiнде шаһар басшысы Нұржан Ахатов та жиын өткiзiп, тиiсiмi сала жетекшiлерiне бiрқатар тапсырма жүктедi.

Жалпы жыл басынан берi қалада әлеуметтiк экономикалық дамудың негiзгi макрокөрсеткiштерi бойынша өсiм бар. Өнеркәсiп өнiмдерiнiң көлемi 100,1, өңдеу өнеркәсiбi 122,3, негiзгi капиталға салынған инвестиция 103,5, пайдалануға берiлген тұрғын үйлер 100,2, құрылыс жұмыстарының көлемi 121,1, ауылшаруашылығы өнiмдерiнiң жалпы өнiмi 106,6 және бөлшек сауда көлемi 102,8 пайызға жеткен. Ендiгi мiндет жыл аяғына дейiн осы көрсеткiштердi төмендетпей, ұстап тұру қажет. Сондай-ақ бюджеттiң игерiлуi бойынша нақты шаралар атқарылуы тиiс.

–«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексiне сәйкес, жергiлiктi бюджет шығыстарын жоспарлау үш жылдық мерзiмге айқындалатыны белгiлi. Алдағы үш жылдықта республикалық бюджеттен тек аса маңызды объектiлер мен жалпы ел үшiн маңызды жобаларға қаржы бөлiнетiнiн аймақ басшысы атап өттi.

Осыған байланысты, аталған санаттағы жобалар бойынша бюджеттiк өтiмiндердi толығымен орталық мемлекеттiк органдарға ұсынып, 2027 жылы қаржыландыруға қол жеткiзiуiмiз қажет»,–дедi Нұржан Сәбитұлы.

Жылу беру маусымына дайындық мәселесi өте маңызды. Қазiргi таңда барлық жылу қазандықтардың қыркүйек айында толық дайын болуы және әлеуметтiк нысандардың өзiрлiк паспорттары тексерiлуде. Сонымен қатар, көмiр жеткiзу жұмыстары тұрақты бақылауда. Шаһар басшысы жылу маусымында көмiрге байланысты ешқандай мәселе туындамауы тиiс деп, жауапты сала басшыларына бiрқатар тапсырмалар жүктедi.

«Қызылорда Су Жүйесi» МКК Өндiрiстiк-техникалық бөлiм бастығы М.СЫРМАНОВА:

ҚЫСҚА ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТЫРМЫЗ

«Қызылорда су жүйесi» кәсiпорының негiзгi мiндетi – қала тұтынушыларын үздiксiз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ кәрiз суларын бұру және тазарту жұмыстарын ұйымдастыру.

117 ауыз су ұңғымасы бар. Оның iшiнде 88-i жұмыс iстеп тұр, 29-ы жөнделiп жатыр. 11 бiрлiк II көтерiлiмдегi насос стан-циясы болса 981,5 км ауыз су құбыры, оның 149,63 км неме-се 15,2%-ы тозған. Сондай-ақ 455,2 км кәрiз желiсi болса, оның 76,83 км немесе 16,9%-ы тозған. 67 кәрiз насос станциясы, 2 биологиялық тазалау станциясы қызмет көрсетедi.

89 596 тұтынушының 84 609-i жеке тұлғалар, оның iшiнде 278 511 адам, бюджеттiк мекеме 264; 4 723-i шағын және орта бизнес субъектiлерi. Ауыз су өндiру және тарату көлемi: орташа тәулiктiк өндiрiс көлемi – 72,4 мың м³ болғанымен жазғы кезеңде тәулiгiне 105–110 мың м³ ауыз суға дейiн та-ратылды.

2026 жылдың басынан ба-стап ауыз су сапасын бақылау мақсатында 10 805 сына-ма алынып, олар бойын-ша жалпы 69 518 химиялық, органолептикалық және бактериологиялық талдау жүргiзiлдi.

Сонымен қатар су алу құрылымдарының таза су ре-зервуарларында және ауыз су жүйелерiнде жоспарлы жуу, шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргiзiлдi.

Кәсiпорында 2026–2027 жылдардағы жылу беру мау-сымына дайындық жұмыстары белгiленген тәртiппен жүргiзiлуде.

Ауыз суды тазар-ту және залалсызданды-ру мақсатында 0,7 тонна ги-похлорит кальций, 4 тон-на алюминий сульфаты реагенттерi сатып алынды, 56 тонна ас тұзының қоры қалыптастырылды.

Ауыз су және кәрiз су ны-сандарында жоспарлы алдын алу және жөндеу жұмыстары жүргiзiлуде.

Кәсiпорынның бекiтiлген тарифтiк сметасына сәйкес инвестициялық бағдарлама шеңберiнде ұңғымаларға арналған тереңдiк насос қондырғылары, сондай-ақ өрт гидранттары сатып алынуда.

Сонымен қатар кәсiпорын алдағы кезеңдегi апаттық жағдайлар мен ақауларды жедел қалпына келтiру жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында қажеттi шикiзаттар мен материалдардың қоймалық қорымен қамтылған.

"Қызылордажылуэлектрорталығы" МКК директоры Б.МОЛДИМАНОВ:

АҚАУЛАР ТОЛЫҚТАЙ ЖОЙЫЛДЫ

Қызылорда қаласы әкiмiнiң 2026 жылғы 31 наурыздағы №13-ш шешiмiне сәйкес, 2025–2026 жылдардағы жылу беру маусы-мы 2026 жылдың 01 сәуiрiнде аяқталды және 01 сәуiр мен 01 мамыр айының ара-сында қаланың жылу жүйелерiне жоғарғы қысымды сынақтар өткiзiлдi. Жылу беру ма-усымында Қызылорда қаласын жылу энер-гиясымен қамтамасыз ету мақсатында «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК-ның жылу көздерiнiң негiзгi қондырғылары және де қаланың мөлтек аудандарын-да орналасқан 20 автономды блок-модульдiк қазандықтың 18-и штаттық режим-де тұрақты жұмыстарын атқарды. Жылу беру температуралық режимi бекiтiлген температуралық кестеге толық сәйкес сақталды.

Қазiргi таңда, Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету мақсатында қаланың мөлтек аудан-

дарында орналасқан 20 Автоном-ды блок модульдi қазандықтардың 8-і жұмыстарын атқаруда және КОГТЭС-тегі №1,3 газотурбиналық қондырғысы штаттық режимде жұмыс атқаруда. Электр энергиясының орташа өнімі сағатына 17,86 МВт, оның ішінде өз қажеттілігіне – 1,6 МВт пайдалануда, тұтынушыларға жіберілгені 16,26 МВт-ты құрайды. «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК-ның 2026–2027 жылдардағы жылыту ма-усымына дайындық жұмыстары толық көлемде жоспарланып, белгіленген тәртіппен бекітілді.Қазіргі таңда, негізгі және қосалқы қондырғыларды жөндеу жұмыстарының 88 пайызы орындалды.

Жалпы Қызылорда қаласы бойынша 204 шақырым жылу желілері бар. Оның ішінде магистралдық жылу құбырлары 36 км; кварталаралық жылу құбырлары 168 км бо-лады.

Қазіргі таңда жылу жүйелерінің тозу көрсеткіші 40 пайыз, нормативтік жылу ысыраптар 13,1 пайызды құрайды.Жылу маусымы аяқталғаннан кейін ағымдағы жылдың 2 сәуірінде Оңтүстік жылу қазандығы мен ТК-44 жылу торабына дейінгі аралықтағы магистралдық жылу желілері 950С температурада тексеріліп, ешқандай ақау анықталған жоқ. Сонымен қатар Қызылорда қаласының аумағындағы барлық жылу желілері ағымдағы жылдың 9 сәуірінде жоғары қысымды гидравликалық сынақтан өткізілді. Сынақ нәтижесінде жылу желілерінде 42 ақау анықталды. Қазіргі таңда анықталған барлық ақаулар толықтай жойылды.

Жоспарланған іс-шараларды іске асы-ру нәтижесінде Қызылорда қаласының жылу желілерінің тозу деңгейі 40,0 пай-ыздан 39,8 пайызға дейін төмендейді деп күтілуде.

Бір қарағанда аптап ыстықтан жан сақтаудың дәстүрлі амалы көзге оғаш көрінуі мүмкін: салқын су орнына ыстық шай ішу, жеңіл-желпі киімнің орнына сырма шапан кию, күннен көлегейлейтін шатырдан гәрі киіз үйдің ішін қолай көру. Дегенмен уақыт сынына төтеп берген бұл күтпеген шешімдер Орталық Азия халықтарының заманауи технология пайда болмай тұрып-ақ ми қайнатар ыстықтан сақтануға септігін тигізді. Дәстүрлі өмір салты қашан да табиғатпен етене болған, қоршаған ортадағы өзгерістермен үйлесімді тіршілік еткен. Олар суыққа да, ыстыққа да сақадай сай жүретін. Адамдардың аптап ыстықтан қалай қорғанғанын айтқанда екі нұсқаны қарастырған жөн: көшпелілер өмірі мен отырықшы қала тұрғындарының тіршілігі. Өйткені қазақ мәдениеті көшпелі салттан ғана тұрмайды. Дала өркениетінде жер емген отырықшы ел мен мал баққан көшпелі мәдениет селбесе өмір сүрген.



◆ЫСТЫҚ КҮНДЕГІ АС-СУ

Көшпелілердің тамақтануы жайлы айтсақ, жазда олар ағарған көп тұтынды. «Қазақтар жыл он екі ай ет жейді» деген көпшілікке мәлім пікір бар, бірақ бұл — жаңсақ ұғым. Жазда көбіне олар ет жемейді. Қымыз, айран, шұбат және өртүрлі дәмді қайнатып, сүтке бұқтырған көже ішеді. Осылай, жазғы рацион, негізінен, сүт өнімдерінен тұрды. Қымыз, айран және басқа да сусындарды теріден жасалған сабада сақтады. Табиғи материалдың қасиеттері мен тұрақты ауа алмасуының арқасында сұйықтық ұзақ уақыт бойы салқын болып тұрады.

АПТАП ЫСТЫҚТАН КОНДИЦИОНЕРСІЗ ҚАЛАЙ САҚТАНҒАН?

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӨМІР ТӘЖІРИБЕСІ

◆ КИІЗ ҮЙ

Көшпенділер дегенде ең әуелі мынаны айтайық: жыл бойы көшіп-қонып жүрген ел ми қайнатар аптапқа ұрынбаған. Жазғы жайылымдар үшін әрқашан қоңыр салқын аймақтарды таңдап, солтүстікті немесе биік тау бөктерін қоныс қылған. Ал қыстаулар жылырақ, ық жерлерде салынған. Олар жайлауын ешқашан оңтүстіктен сайламаған. Осылайша, маусымдық көші-қон жүйесі көшпелілердің ыстыққа ұрынбауына мүмкіндік жасаған.

Дегенмен көшпелі өмірдің өзі шыжыған ыстық күн мен аңызақ желден табиғи қорғанысты қажет етті. Бұл ретте киіз үйдің рөлі зор болды. Көптеген зерттеуші оны «табиғи кондиционер» деп атауы бекер емес. Киіз үйдің құрылымы, әсіресе оның шаңырағы тұрақты ауа айналымын жасайды. Күндіз шаңырақтың түндігі түрлі



тұратындықтан, ыстық ауа жоғары көтеріліп, сыртқа шығып кететін. Сондықтан үй іші қоңыр салқын болып тұрады.

Бұл әсерді күшейту үшін киіз үйді әрқашан жел бағытына қарай құрған. Киіз үйдің есігі әдетте оңтүстік-шығысқа қарайды, бірақ сықырлауықты жел бағытына байланысты қажетінше бұрып отырған. Туырлықтың етегін түріп қойғанда ауа киіз үйдің ішіне лап етіп, табиғи түрде желдетіп тұрған.

Егер күн қатты ыси бастаса, туырлықты толығымен алып тастап, тек кереге мен шиді қалдырған. Қамыс сабақтарының арасындағы кішкене қуыстар ауа айналымының жақсы болуына септесетін. Ал төбені жапқан киіз аптап ыстықтан қорған болады. Киіздің ерекшелігі сонда — ол жылуды жақсы сақтайды, сонымен қатар күннің қызуын өткізбей, үйдің салқын болып тұруына мүмкіндік жасайды.

Адамдар да, алдындағы малы да ыстыққа ұрынбауы үшін көшпенділер күнделікті жұмыс жоспарын күннің қозғалысына қарай ыңғайлаған. Үйдегі барлық тіршілік таң бозынан басталды. Шаңқай түсте олар міндетті түрде демалған, күн төбедең ауа бастағаннан кейін қызу тіршілікке қайта кіріскен. Сондықтан негізгі шаруасын кешке қарай орайластырып, малын өрістен қайырып, сауып, өзге де күнделікті күйбең тірлігін жасайтын.

◆ ҚАЛАЛЫҚТАРДЫҢ ҚАПЫРЫҚТАН ҚОРҒАНУ ЖОЛДАРЫ

Отырықшы халыққа келсек, Орталық Азияның барлық қаласы ыстық климатты ескере отырып салынған. Кеңес дәуірінде де сәулетшілер жаңа аудандарды жобалау кезінде жел бағыты мен жергілікті климатты ескеретін. Бұл әсіресе Алматы үшін өте маңызды болды, мұнда кешқұрым есетін тау самалы қаланы табиғи түрде салқындатуда маңызды рөл атқарады.

Дәстүрлі қалалық сәулет өнері ғасырлар бойы осы климаттық ерекшеліктерді ескере отырып дамыды.



Ең алдымен, үйлердің қабырғасы күйдірілмеген кірпіштен қалың етіп қаланды, олардың қалыңдығы 60 сантиметрден бір метрге дейін жететін. Мұндай қабырғалар баяу қызып, ғимарат ішіне күннің қызуын

өткізбейтін. Осының арқасында үйдегі температура сыртқа қарағанда 8–12 градус төмен болады.

Барлық үй дерлік жабық аула ішіне салынды. Ол жерге көлеңке болсын деп ағаштар егілді. Шағын бассейндер ауланың басты көркі болатын, олардың кейбіреуінің қасына субұрқаш орнатты. Ал айналасына демалу үшін сәкілер қойылды. Ыстық күндері үй иесі көлеңкені саялап, көк шай ішіп, аяғын салқын суға малып отыратын. Осындай қарапайым нәрселердің өзі аптап ыстықта өмірді әлдеқайда жеңілдететін.

Ауладан басқа, әр үйде төбесі биік, ашық терраса болды.

Орталық Азия қалаларындағы мұндай құрылымды күн райының өзі талап етті десе де болады. Бүгінде көпшілік тар деп санайтын қуыс көшелер күн сәулесінен қорғану үшін арнайы жасалған. Үйлер бір-біріне көлеңке түсіріп, көшелерді айтарлықтай салқын ұстады. Дәл осы себепті терезелер де шағын етіп жасалды. Олардан күн сәулесі мен жылу азырақ өтіп, үй-жайларда қолайлы температураны сақтауға көмектесті.


Қала құрылысының түс гаммасы да үлкен маңызға ие. Үйлер ашық түсті тастан салынды немесе күн сәулесін шағылыстыру үшін ақ түспен боялды. Сондықтан дәстүрлі Орталық Азия қалалары әрқашан жарқын көрініске ие болды.

Әр аулада гүлдер мен жүзім де өсірілді. Жүзім бұтақтары төбеге қарай

ЫСТЫҚҚА ҚАРСЫ ИНЖЕНЕРЛІК ШЕШІМДЕР

Орталық Азияның кейбір аймақтарында ыстық климатпен тиімді күресуге мүмкіндік беретін арнайы инженерлік құрылымдар болды.

Осындай шешімдердің бірі Иран мен кейбір көршілес аймақтарда кең таралған жел мұнаралары еді. Олар ауа қозғалысын ұстап, оны ғимаратқа бағыттап, ешқандай



механикалық құрылғыларды қажет етпей, табиғи түрде желдетіп, салқындатып отырды.

Тағы бір керемет жүйе — көріздер, тау бұлақтарынан ондаған шақырымға су тасымалдайтын жерасты су құбырлары. Су жер астымен ағатындықтан, ең қатты ыстықта да салқын температураны сақтап тұрды. Иранда Тегеран мен Исфаханды қоса алғанда, тұтас қалаларды суық тау суымен қамтамасыз ететін көріздер болды.

Тағы бір қызық құрылым — күмбез тәрізді сұқоймалары, яғни сардобалар. Олардың әбден ойластырылған құрылымы арқасында жазғы аптапта да суды салқын күйде ұстап, тұрғындарды салқын ауыз сумен қамтамасыз етті.

Осы сәулет және инженерлік шешімдердің барлығы Орталық Азия халықтарының табиғатпен қамшалық етене екенін көрсетеді. Ғасырлар бойы олар тек табиғи материалдарды, ландшафт ерекшеліктері мен табиғи желдету заңдылықтарын пайдалана отырып, ыстықтан қорғанудың тиімді жолдарын ойлап тапты.

Міне, сондықтан дәстүрлі мәдениет, көшпелі болсын, қалалық болсын — адам баласының қоршаған ортаға таңғаларлық түрде дәл бейімделуінің үлгісі. Жүздеген жыл бұрын жасалған мұндай құрылғылар табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мысалдары ретінде әлі күнге дейін сәулетшілердің, экологтар мен тұрақты құрылыс мамандарының қызығушылығын тудырып келеді.

өріле өсіп, маңайын көлеңкелеп тұрды. Өнші құстардың торлары да осындай жерлерге жиі орналастырылды. Мөлдір су, жасыл желек, әсем гүлдер, саялы көлеңке мен сайраған құстар — осылардың бәрі қосылып, қоңыр салқын күй мен жанға жайлы тыныштық берді. Көптеген саяхатшы құрғақ және ыстық климатқа қарамастан, қала тұрғындарының үйлері ыстық болмайтынын атап өтті. Азық-түлікті сақтау үшін жартылай жерасты қоймалары мен жертелелер салынды. Бұлар табиғи тоңазытқыш қызметін атқарып, тіпті ең шыжыған айларда да тағам бұзылып кетпейтін.



Жаз уақытында қазақ даласына келген саяхатшылар мен куәгерлердің жазбалары ерекше қызығушылық тудырады. Олардың айтуынша, киіз үйдің ішкі температурасы сыртқа қарағанда 5–10 градусқа төмен болады екен. Тіпті аптап ыстықта да қоңыр салқын күйін сақтап тұрады дейді.

Қазақтардың өмірі туралы жазған Григорий Потанин, Василий Радлов және Алексей Левшин болсын — бәрі бір ауыздан киіз үйдің құрылымына қатысты өте жоғары баға берген. Олар мұндай үйдің дала климатына ерекше бейімделгенін баса айтудан жалықпады.

Шоқан Уәлиханов та бұл туралы жақсы жазба қалдырған. «Құлжаға саяхат» күнделігінде ол ми қайнатар ыстық аймақтарды басып өткен кездегі қиын сапары жайлы айта келіп:

«Күні бойы әбден сілесі қатып шаршап келіп, кешке қоңыр салқын киіз үйде кең пішілген киім киіп, тіпті жалаңаштанып алып, туырлықты түріп тастап, самал желге бетіңді тосып, демалудан артық ләззат жоқ. Бұл қырда өскен адамға ғана тән ең көркем ләззат» деп дәріптейді.

◆ ҚАЛАЛЫҚТАРДЫҢ КИІМІ, СУСЫНДАРЫ МЕН КҮНДЕЛІКТІ ТӨРТІБІ

Қала тұрғындарының киімі көбіне көшпелілерге ұқсас келетін. Ыстық ауа райында олар көпқабатты сырма шапан киетін, бұл жеңіл киімге қарағанда аптап ыстықтан жақсы қорғайтын. Басына әрқашан орамал немесе сәлде тағатын. Бұл дәстүрлі киімдердің бір бөлігі ғана емес, күн өтуден сақтайтын мықты қорғаныс болды.

Сусындарға келсек, көшпенділер де, отырықшы халықтар да ыстық күнде ыстық сусындар ішті. Олар қатты ыстықта салқын су ішпейтін. Ол дененің табиғи жылу алмасуын бұзады деп есептеді. Сондықтан Орталық Азия халықтары аптап ыстықта дәстүрлі түрде көк шай ішетін. Бұл әдет күні бүгінге дейін сақталып келеді. Ыстық шай дененің жоғары температураға төтеп беруіне көмектеседі және табиғи түрде салқындауға септігін тигізеді.

Көшпенділер сияқты, олар да түскі уақытта тынығатын. Олар тал түсті көлеңкеде өткізіп, ал жұмыс уақытын өте ерте, тіпті таң атпастан бастап кететін. Бұл әсіресе суармалы егіншілік аймақтарында маңызды болды. Егістіктерді үнемі баптап ұстау керек болды: тоғандарды уақытылы ашып-жауып, суды өртүрлі аймаққа бұру қажет еді. Сондықтан олар күннің тас төбеге көтеріліп, бар ыстығын төтетін уақытына дейін барлық негізгі жұмысын аяқтауға тырысты.

Орталық Азияның көптеген қаласында қалыптасқан «таңғы палау» дәстүрі қазіргі таңда да үзілген жоқ. Көпшілік неге ер адамдар таңғы алтыда немесе жетіде палау жеуге жиналады деп таңғалады. Тарихи тұрғыда мұның түсіндірмесі өте қарапайым: таң бозарып атпай жатып ер адамдар жиналып, палау пісіріп, таңғы ас ішіп, содан кейін жұмыстарына кірісетін. Бұрын олар егістік алқаптарына баратын, ал бүгінде жұмысқа, кеңселерге немесе зауыттарға барады. Бұл дәстүр ер адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрі және күннің ортақ бастамасы ретінде күні бүгінге дейін сақталып қалды.

Таңғы палау жай ғана тамақтану емес. Ол мереке алдында, отбасылық шаралар мен еске алу рәсімдері алдында, тағы басқа жағдайларға байланысты жиналатын шара болды. Бұл — тек ерлерге тән дәстүр, ал әйелдер мұндай жиындарға қатыспады.

◆ КИІМ

Көшпенділердің киімге деген көзқарасы да қызық. Бір қарағанда миға сыймайтындай көрінуі мүмкін, бірақ дәстүрлі көшпелі мәдениетте күн райы ыси түссе де, қалың киініп жүре беретін. Бұл көшпелілерге ғана емес, дала төсіндегі отырықшы халыққа да тән еді. Жұқа киінгеннен гөрі, сырып тіккен шапандар күннен жақсы қорғайды деп санады. Қабат-қабат мата киіз сияқты күн өткізбейді деп есептеді.



Сонымен қатар өте кең киімдер киетін. Шапаны неғұрлым кең әрі жеңі ұзынырақ болса, ауа айналымы соғұрлым жақсы болады. Мұндай киім ыңғайлы ғана емес, сонымен қатар адамның бет-беделін айқындап тұратын. Себебі ондай киімді тігуге көбірек мата кетеді, әрі ол қымбат, сондықтан кең пішілген киім байлықтың белгісі ретінде бағыланды.

Киім дегенде, оның ажырамас бөлігі — баскиім еді. Дала өмірінде баскиімсіз жүру мүмкін емес. Жалаңаяқ жүре берсеңіз болады, бірақ жалаңбас жүруге еш рұқсат жоқ. Далалы жердің күні өткір: оңтүстікте жоғарырақ болғанына қарамастан, жазық далада тіпті қатал. Сондықтан баскиім жай ғана киімнің бір бөлігі емес, күн өтуден қорғайтын маңызды қорған болды.

Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

Қазір жалғыз үй қалсақ та бізді ешкім кірме деп шетке қақпайды. Дәулеттіміз. Жылқы өсіп сегіз жүзге жеткен. Қой мыңның үстіне шыққан. Әрине, қаруы қайтпаған әкем де, ат үстінде өзгеше тыныс табатын мен де қыстың біраз уақытын қырда — қостағы жылқыда өткіземіз, жазда да бар тіршілік малмен байланысты, апам мен келіні де қой қосақтасып, бие сауысып, ас-су әзірлеп дегендей, ешбір жұмыстан шеттемейді, бірақ шаруаның көбін малшы-қоңсылар атқарады. Қыста соғымы мен сойысы, жазда сауыны мен мінісі бар, басы байлы ешкім жоқ, еркімен жүріп, қалауымен қызмет атқарады, “таптық езгі” көрді, зар жылады дей алмаймын, Еңбек, кәдімгі адал еңбегіне орай ақыларын алып отырды. Су мол, шөп шүйгін, мал мыңғырып өсіп келе жатты. Дүние азмаз оңалған кездің өзінде терістікке қарай көше қоймауымыздың бір себебі осы еді. Ең неізгі себеп, әрине, менің көзім көк, шашым сары болып, қалған жұрттан бөлектеніп тұруым - орысқа, шөрлі жерге жақын аймақта қатердің сөйілмеуі. Оның үстіне, шынын айту керек, біз жаңа жұртқа бауыр басып, мүлде сіңісіп қалғандаймыз. Ағайын ғана емес, туыс-жегіжат. Ел тынышта Ақымбет әулетіне ұзатылған жалғыз қарымдасым Айсалқам барған жерінде ерекше сыйлы. Құдаларымызбен араласымыз күшті, алыс-берісіміз мол. Сыпатай мырзаға ауыр салмақ, маған атақ пен абырой әперіп отырған мол дәулет - жазда қырдан суға төгіле құлайтын, қыста қасқара тұрып қар тебетіп көк апалы көп жылқы ішіндегі бірнеше үйір осы Ақымбет байддың қалыңға, китке берген боздары мен жирендері. Малы ессе де басы өспеген әкей Сарысуды емес, жалғыз қызын қимайды.

Көп ұзамай бұл өңір де жаңға пана болудан қалды. Еңбек етпегендердің хақысын бөрінен де жоғары қойған жаңа өкімет, өздерінің тілімен айтқанда, қорларды зор қылуға шындап кірісті. Бардікін алып жоққа берді; ақылмен, адал еңбекпен дәулет жинағандарды жау деп танып, берекесіз күн кешкен кулар мен кешір, жалқауды езілген еңбекші тап деп жариялады. Ең үлкен әділдік - байдың малын кедейге тартып әперу екен. Тарихтың ең тұрпайы, қиын кезеңдерінде, ең қатал, заңсыз патшалықтардың өзінде қарақшылық пен тонаушылық ізгі қасиет ретінде мадақталмап еді. Совет орнатқан жаппай тендіктің арқасында, адамзат құрпындағы ғасырлар бойы қалыптасқан игі ұғымдардың бәрі теріске шығып, қасиет атаулы аяққа басылды. Кез келген дәуірде, кез келген ұлыс, мемлекетте, тіпті, дамудың әуелгі деңгейіндегі жабайы тайпалардың өзінде ең төменгі сатыда тұруға тиіс, еңбекке қыры жоқ, ұяттан ада, кісіліктен мақұрмы, жиренішті әрі бұралқы пенделер ел билеуге, жұрт тағдырын шешуге, адамды біржола аздыруға кірісті, сөйтіп, бір халықты, бір мемлекетті емес, жар-ты әлемді қанға, қасіретке бөктіріп, жаһаннамға жол ашты. Көп ұзамай-ақ жер үстінде тозақ орнады, о дүниеден айырмасы - дию-пері жаққан бұл тамұққа игілер мен ізгілер, адалдар мен абзалдар түсуге тиіс еді. Соның бәрін көріп отырып мен өзімнің өткен өміріме -жаңа бір қауымға жөн сілтемек, дүниені шайқап, Россияны қайта құрмақ ниетпен саяси күреске араласқан күндеріме лағынет айттым. Күнәкар екем, ойлап тұрсам, мендей күнәкарлар, күнәлары менен де артық өшшадылар мыңдап, миллиондап саналады екен - кешегі төңкеріс, бұлғақ пен қырғын, қазіргі, заңға айналған заңсыздық, ертенгі апат пен түнек сол біз бастаған істің жалғасы - біз бықысқан шаланың қалыңға түскен қара түтінді өрті екен. Ама! не, кеш ұқтым. Егер ғайыпты болжап, осының бәрін ертерек, жол басында білсем, террористерге қарсы террор ашатын едім, революционерлерге қарсы революциялық ұйым құрар едім. Бір мен емес, өзі құлатқан тасқын астында қалған, өзі тұтатқан өрттің өтінде күйген кешегі күрескерлердің бәрі де бар жұмысын керісінше жасары анық. Яғни, адамзаттың досы - біздің

соңымызға шырақ алып түскен Үшінші бөлім екен ғой. Бірақ ақылы аз, парасаты кем өңшең топас не бітірсін. Өздері де жойылды, біз де құрыдық. Бәрі құрыды. Бетпақтың шөлінде, қабырғасыз қапаста он жеті жыл отырып, аман шыққан мына мен - өзгеше бақыт бұйырған адаммын. Бақытым сол, өзімнен-өзім қарқылдап күлем. Күлмеске шарам жоқ. Жаңа заман, жаңа тәртіп орнатып, ұлы Россияны түнекке батырған соғынды Троцкий Алма-тыға айдалғанда, одан соң елден аласталып, шет жұртқа қуыңға кетіп бара жатқанда не ойлады? Тоңмойын еді, дүлей еді, сонда да... Әрине, әлемдік революцияға сенген күйінде кетті, ақыры алды тілегенін

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

- төңірегі аманда төбесі тесіліп өлді (түпнұсқада өлде "ит өлімі бұйырды", әлде "иттей болып өлді" - "настигла собачья смерть"; біз кейінгі мағлұм деректер бойынша нақтылап бердік: Сталин бағыттаған жеңдет қайламен ұрып, қарақұсын ойып жіберген Троцкий қиналса да қапасқа түспей өлген ғой, - М.). Көсемдер тағдырының ішіндегі ең сәтті финал (бұл тұжырымды да біз қостық; контекстен осындай қорытынды шығады, - М). Ал біздің чекистердің сый-сияпатынан өткен, мойнына тұзақ ілініп тұрған -кешегі құдірет, бүгінгі мүскін Зиновьев пен Каменев, Бухарин мен Рыков ең соңғы сәтте қандай сезім кешті? Тек бұлар ғана емес. Бар ғұмырын революцияға бағыштаған, осы жолда адам айтқысыз қиындықтардың бәріне тезген, ақыры қан кешіп жүріп тілегіне жеткен жүздеген, мыңдаған болат болшевиктер енді жаңаша тергеліп, жақсылап азапталып, халық жауы ретінде атуға кесілгенде, немесе, бар хақысынан айрылып, Сібірге, Мұзды мұхит жағасына жалаңаяқ айдалған кезде нендей күйде болды? Тамаша емес пе! Ал енді сондай алып тұлғалардың - жаһаннан шырақшыларының тағдыры немен тынғанын біліп өлуден асқан бақыт бар ма? Бұдан өткен қанағат бар ма? Жоқ. Жоқ! Ендеше, мен армансызыбын.

Хош. Мұның бәрі кейін. Қазір жиырма сегізінші жыл. Болашақтан сенім болмаса да, үміт бар. Өмір әлі де қызық болып көрінетін кез. Әділет туралы, кісілік туралы ұғым біржола жойылмаған шақ. Ең бастысы - жеңімпаздардың бүкіл әлемді қан майдан, қапас зынданға айналдырмақ, қисынсыз, есірік, бірақ уақыт оза келе тұтасымен жүзеге асқан жоспары әшкереге шықпаған заман.

Оқыс ауырып, аяқ астынан шешеміз Зербала қайтыс болған. Елудің жуан ішіне енсе де, өңін бермеген, салмақты, паң, манардай ақ бөйбеше еді. Тез кетуіне ел шетіне қиу ілінгені де себеп болды ма деймін. Соңғы бірер жылда ата жұрттан аулақтадық деп, үлкен ұлы Ыбырайды есіне жиі алып, тоңторсы күйге түсіп еді. Мен шешемді қатты сыйладым. Шешем де мені теріс көрген жоқ. Бірақ жұғысып кет алмадық. Мен әкемнің басқа әйелінен туып, шетте өскен әгей бала сияқты едім. Сыртқа теппесе де, айтарлықтай ішке тартпаған. Өлде қазақтың баласы шешеден гөрі әкеге жақын болатын салтына ба, әлде менің түрімнің бөлектігіне қоса тым ересек келгенімнен бе, әйтеуір арамыздан бір бөтендік арылмай-ақ қойды. Тек Зағираға үйленгеннен соң ғана сенімге енгендей болдым. Ал кішкентай Жансалқамды туған немере санаған. Өзі бағып, өзі күтеді. Сергек ұйықтап, тың жүретін шешеміз жығылған сәтінде-ақ ары қарады. Бірақ азғасы бүтін, дені күшті, ажалмен атта бойы арпалысты. Ыстығы көтеріліп, талықсып жатқан соңғы екі күн бойы келінімен бірге басында отырдым. Анда-санда, арасын бөліп-бөліп, анық сөйлеп, сандырақтап кетеді. Бұдан жиырма жыл бұрын қиыр алыстағы Якут өлкесіне, әлде жер шетіндегі Сахалинге каторғаға кеткен үлкен ұлы Ыбырай мырза кісенін сүйретіп, аман-есен келіпті. "Құлыным... - дейді. - Мен сені танымай қалдым ғой. Түрің де орыс сияқты болып кетіпті... Сен орыс емессің. Кісен неге қиылмады?... Өмір бойы кісенмен жүресің бе? Атқа қалай мінесің... Атқа міне алмайсың. Орыс болып кетіпсің. Көзің көк... Көрінде өкіргір Мекалай... Кісен... Тірсегіңді қиды-ау!..."Зағира жылап отырды. Менің де көңілім босады. "Сирағың қызыл шақа... Қабырғаң... қайысты... Келдің ақыры... - дейді. - Енді көшемсіз. Көк Есілге..." Дүниесімен табысып, бақытқа көнеліп, о бұнығе аттанып кете барды. Бұдан бұрын талай қаза көрсек те, сең соққандай болдық. Төңіректегі

ағайынға тегіс ат шаптырып, жаназасын шығардық. Елдің бар рәсімімен жамбасын жерге тигіздік. Бірақ қонақасы беріп, артын күте алмадық: нешеме мың жыл бойы еңбекші жұрттың қанын сорған алпауыт бай Сыпатай Дәулеткелдиевтің мал-мүлкін көмпескелеу үшін арнайы комиссия келіп түскен.

Қаралы ауылдың хал-күйіне қараған жоқ. Адамның қайғы қасіретінен ләззат алатын сырқат жандар болады. Мұндай өшшадылар біреу-екеу емес, жүздеп, мыңдап саналса, қарулы топ, билікті тап болса, қауым тірлігі, ел тынысы соларға қарап тұрса замана қайтпек! Топырлай шауып, тарқылдай күліп, ұялас үйірімен келген. Қатты қуанышты - бай емес, бәйбішенің өлгеніне. Байдың тірлігіне, көрешегі алда тұрғанға. Қабір басынан қайтқан жұрт жылыса тарап, тоз-тоз болды. Саба-саба қымыз қалды. Астау-астау ет қалды. Көмпескеге келген белсенділер, оларға ерген әуесқой жалаңаяқтар, мылтығы шошайған екі міліса, аудан өкілі Ұлтарак, ауыл ағалары Жалбағай мен Жақыбай - ұзын саны жырма шақты адам, түгел қазақ, қаралы

"Қатынын қайтеміз?"-деп еді. Ауданнан келген өкіл, осыдан он жыл бұрын бүкіл Сарысуға әйгілі баукеспе ұры (түпнұсқада "конокрад", - М.) Ұлтарак қарқ ете түсті: "Алып кетеміз... - деген. - Жолай сөйтеміз!" - "Сөйтеміз" емес, түйеден түскендей, атап тұрып айтты. "Ұлтарак жолдас, онда ертенді күтпе, бүгін-ақ қасыңа алып жат!" - деді Жақыбай. "Алып жатамыз, - деді Ұлтарак. - Өкіртеміз..." Қарақшылар қыран-топан болды. Мен бәрін естіп, босағада отырмын. Отыз тісім үгітіліп, аузыма қалай түспегенін өзім де білмеймін. Аясуға болмайтынын, аяушылық жоқ екенін көміл ұқтым. Әлбетте, қазіргісі қиын емес. Қиыны кейін. Бірақ амал не. Тіршілік жасамай болмады.

Қой таңертеннен өріске шықпаған, үй арасында ұйлығып жатыр. Жылқы өзеннен қайрылған, күн ұзақ ауыл маңында, дәл іргеде шұрқырасып ол тұр. Іесінің басына күн түскенде ең алдымен мал жануар жетімсірейді екен. Ал жалшылар мен қоңсылар әртүрлі кепте. Біреулері тегін мал үлестіреді-міс дегенге куанып жүр. Көпшілігі дағдарыс үстінде. Қазақ "Бүлінген елден

бесатарды қолына ұстаттым. Сол кезде тонаушыларға өз аулымыздан қосылған жалаңаяқтардың бірі жылап қоя берген. "Мырза, қасықтай қанымды қи!!-- дейді. - Бір қара, үш қой береміз деген соң шайтанның азғыруына көніп едім. Шыбын қанымды қи, өмір бойы құлың болып өтейін..." Басқалар да босаңсып, жалбарына бастады. Көмпеске комиссиясының бастығы Жалбағай, тіпті, мал-мүлкіміздің жарымын қайырып беруге, бізге мүлде тимеуге уәде қылды. Жібімеген, қорықпаған Ұлтарак пен Жақыбай ғана. Аудан өкілі Ұлтарак үндемей түнерсе, осыдан біраз бұрын әлдеқайда барып, екі-үш ай оқып келген ауыл белсендісі Жақыбай тіл тартпаған. «Жолдастар! - дейді, төңірегіңдегі, еңесі түсіп, берекесі қашқан, өңшең қоян жүрек қуларға. - Біз төңкеріс жолында шәйіт боламыз! Жолдастар! Біз Ленин-Сталин ісі үшін құрбан болғалы тұрмыз! Сендердің ерлік істерің ұмытылмайды! Біздің қанымыз үшін кек алатын күн туады! Жойылсын бай-құлақ! Жасасын кеңес! Жер жүзі еңбекшілерінің жырын айтайық, жолдастар! Төңкеріс ұранын айтып тұрып өлейік! Алаяқ сұм! Сөз жоқ, менің ешкімді де атпасымды біліп тұр. Білгендіктен де соншама ба-тыл. Мойнын созып, шынымен-ақ бүлік ұранын бастауға ыңғайланды. "Аттан, әлемдегі аш пен құл!..." мен күле жаздап, әрең ірілдім. "Тоқтат, малғұн! — дедім ақырып. - Қалғандарың да! Көп мылжындамай, жүріңдер былай!" Шынымен ашуланғам. Өлде мына ушеуін атып кетсем бе екен... Менің жүзімдегі рақымсыздықты таныса керек, манадан тілектес тұрған ауыл адамдарының өзі ошарылып, кері серпілді. "Шырағым Стамбек, арамдардың қанына адал қолыңды малып қайтесің", - деген артан дауыстап, әкемінің үзі. Көгілдір күміс ай жарығында өкімет ұлдарын топырлата айдап, ауыл сыртына, қырат басына алып шықтық. Манадан бері қатал мінез танытқан, Жалбағай мен Жақыбайды, өкіметті, барлық өкілдерді сыпыра ботқап келе жатқан Қорабай менің түріме қарап, шынымен қауіптене бастады. "Қоя берейік, - деді сыбырлап. - Ана ушеуін бөліп алып қалайық, аманатқа. Содан соң сөйлесеміз ауданымен..." Аңғал қазғам-ай... мына өкіметтің де адаммыен сөйлесуе, өлденеңдей келісімге отыруға болады деп ойлайды. "Жоқ!" - дедім мен. Неме-не жоқ? Қорабайдың басын ауыртпа-дым. Тұтқындарды қорқытып-үркітпедім. Әбден шаршаған едім. Мына тірліктен. Жаңа тергілтен. Бүкіл жалғаннан. "Барыңдар!.." - дедім. "Тоқта! - Бұл - манағы мілісаның бесатарын баласын-дай құшақтап, бізбен бірге қырға шыққан Зағира еді. Түрі адам танымастай. - Мені қатын қылғысы келген қара төбет қайсың? Қазір қаныңды ішем!.. Винтовка-ны кезеніп, кәдімгідей атуға ыңғайланды. (Тегігін білсе тоқтамастай). Шошынған жұрт төңкеріле ауғанда Ұлтарак жолдас дөңкіліп, бір жақ шетте қала берген. Аяқ-қолынан бірдей айрылғандай қимылсыз, бірақ тілсіз емес екен, қалт бұрылды: "Иә, мен! Ал не істейсін?" Заманның туу кезінің өзінде кең далада жүріп талайды зарлатқан қарақшы, әлде намысқа тырысты ма, әлде сор түртті ме, ығар емес. "Мырза, - деді көзінен жасы ыршып кеткен Зағира. - Не мына төбетті қазір атасың, не мені осыған ертіп жібересің!" Осы кезде ғана ашуы-мен бұрқ етті. Таң азаннан бергі мазас пен қорлыққа. Адал жарымды была-пыт сөздермен былғағанға. Ытқып ба-рып жағасынан алғанда, қайратты неме алыса кеткен, бірақ мен іек астынан қышырлана ұрып, сылқ түсірдім; көтеріп алып, арам ауыздан таңа ұранда қос күрек тісі қабатымен опырылып, иегінен қара қан ақты. Жалғыз-ақ оқпен бықсық кеудесіндегі бар арамын ақтарып салған жөн еді, бірақ мен дәл осы жерде соңымнан өлім ермеуін мақұп көрдім, ең бастысы - мұндай істің кесірі көрші-қолаң, момын жұртқа тиюі мүмкін. "Арқалап ала кетіңдер мынау Ұлтарак құлды! - дедім сулық жатқан басшыла-рын нұсқап Жалбағай мен Жақыбайға. - Тезірек көздеріңді құртыңдар! Өйтпесе... "Ертең түсте осы қыр басында күтеміз!- деді қуанып кеткен Қорабай. - Соғысқа ойларың болса, дайындалып, әскер жиып келіңдер. Көрдіндер ғой, біздің қаруымыздың көп екенін, әйелдерімізге дейін мылтық ататынын! Пулимот та бар. "Мақсым!" Мырзаның отауында, төсек астында көмүлі жатыр. Келіңдер. Қорғасын бұршақпен күтіп аламыз. Ал қазір үлкен мырза қарусыз адамдарды қыру - шариятқа қайшы деп шешті. Барыңдар. Жарақтанып қайтыңдар. Адал соғысайық!"

Мен Зағираны құшақтап, комедия-ның артын күтпей, бұрылып жүре бердім. Соңымыздан қуғыныш қашан шығарын есептеп келем. Мыналар құдайына тәуба айтып, жаяу-ұшайпылап шұбырып, келесі ауылға баралды. Он бес шақырым - үш сағат. Ат мініп, ары шабады. Нұрымбет ауылы. Олардың да малын есептеп, мүлкін қаттап жатыр деген. Бесатарлы үш-төрт мілісасы бар. Бізге қарсы тарп аттануға батылдары бармайды. Ауданға шабады. Отряд жинайды. Шұғыл кіріскеннің өзінде ертең кешке әрең бас құрайды. Мейлі, ертең түсте делік. Қайта айналып, осы дөңге жеткенше кеш батады. Бұл екі ортада, біз, әрине, жаудың жаңа тобы қашан басады деп қарап отырмаймыз.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...



Биылғы жылдың ақпан айында Қызылорда қаласында «Orhun Medical» медициналық орталығы өз жұмысын бастады. Жаңа орталық «Orhun Medical» компаниясының Қазақстан өңірлерінде жоғары технологиялық онкологиялық көмекті қолжетімді етуге бағытталған ауқымды жобасының екінші кезеңі аясында іске қосылды. Орталықтың қызметі Қызылорда қаласы мен облысы тұрғындарымен ғана шектелмей, Ұлытау, Түркістан және Ақтөбе облыстарының тұрғындарына да заманауи диагностикалық және медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Орталықтың басты бағыты – позитронды-эмиссиялық томография (ПЭТ) мен компьютерлік томографияны (КТ) біріктіретін заманауи диагностикалық әдіс. ПЭТ/КТ зерттеуі онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтап қана қоймай, ісіктің таралу деңгейін бағалауға, аурудың динамикасын бақылауға және жүргізіліп жатқан емнің нәтижесін саралауға мүмкіндік береді. Тексеруден МӨМС жүйесі аясында өтуге болады. «Orhun Medical» клиникасының ядролық медицина бағытының жетекшісі Қасым Сейітқұлов тілішге берген сұхбатында орталықтың негізгі қызметі, ПЭТ/КТ диагностикасының мүмкіндіктері, пациенттерге көрсетілетін қызмет түрлері және ядролық медицина саласын дамытуға қатысты алдағы жоспарлары туралы айтып берді.

«ORHUN MEDICAL» ТЕК ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРДЫ АНЫҚТАЙДЫ МА?

- Қасым Қайырбекұлы, осы орталықта пациенттер ем қабылдай алады ма, әлде мамандардың құзыреті тек онкологиялық ауруларды анықтау және емнің тиімділігін бақылаумен шектеле ме?

- Қызылордадағы «Orhun Medical» медициналық орталығында терапевт пен тар бейінді мамандардың қабылдауы ұйымдастырылған. Пациенттер дәрігер кеңесін алып, қажетті зертханалық және аспаптық тексерулерден өтіп, амбулаториялық ем қабылдай алады. Орталықта диагнозды нақтылауға мүмкіндік беретін заманауи диагностикалық технологиялар кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ), рентгенография, маммография, магнитті-резонанстық томография (МРТ) және компьютерлік томография (КТ), соның ішінде контрастты зат қолданылатын зерттеулер жүргізіледі. Заманауи диагностиканың бұл түрлері ауруды дәл анықтап, оның ерекшеліктерін бағалауға және әр пациентке тиімді ем тактикасын таңдауға мүмкіндік береді.

Егер онкологиялық аурулар туралы айтатын болсақ, медициналық орталық, ең алдымен, диагностикаға бағытталған. Мұнда онкологиялық ауруларды анықтаудың «құнды стандарты» болып саналатын ПЭТ/КТ

әдісі қолданылады. Ол ісік үдерістерін анықтауға, аурудың сатысы мен бастапқы ошағын нақтылауға, жүргізіліп жатқан емнің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Онкологиялық ауруларды тікелей емдеуді – хирургиялық, сәулелік немесе дәрі-дәрмектік емді – республикалық және облыстық онкологиялық орталықтарда алуды ұсынамыз. Сонымен қатар Алматы мен Қарағанды қалаларындағы «Orhun Medical» томотерапия орталықтарында «Ассигау» заманауи аппараттарында сәулелік терапия қызметтері көрсетіледі.

Мамандар қызметтерді ақылы негізде көрсете ме? Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӨМС) жүйесінде сақтандырылған пациенттер емді тегін ала ала ма?

- Орталық диагностикасының түрі мен пациенттің жолдамасына қарай қызметтерді ақылы негізде де, МӨМС жүйесі аясында да көрсетеді. Мысалы, тиісті медициналық көрсетілмдер болған жағдайда, ПЭТ/КТ зерттеуі дәрігердің жолдамасы бойынша МӨМС аясында жүргізілуі мүмкін.

Қазіргі таңда орталықта МРТ, КТ, рентгенография және маммография қызметтері ақылы негізде көрсетіледі. Сонымен қатар аталған

диагностикалық зерттеулер емханалар мен ауруханалардан берілген жолдамалар негізінде МӨМС жүйесі аясындағы бірлесіп орындау шеңберінде де қолжетімді.

Ал орталықтағы клиницист дәрігерлердің қабылдауы әзірге тек ақылы негізде жүргізіледі. Мекеме қажетті лицензиялардың барлығын алып, өз жұмысын жаңадан бастап отыр. Қазіргі уақытта медициналық қызметтердің баға преискурранты әзірленіп, азаматтарға қолжетімді. Біздің басты мақсатымыз – өңір тұрғындарына заманауи диагностикалық технологияларды барынша қолжетімді етіп, ауруларды дер кезінде анықтауға және медициналық көмектің сапасын арттыруға үлес қосу.

Медициналық орталықта қандай мамандар қабылдайды?

- Орталықта өртүрлі бейіндегі дәрігерлер қабылдау жүргізеді. Атап айтқанда терапевт, педиатр, гинеколог, уролог, кардиолог, невропатолог, травматолог-ортопед, хирург және анестезиолог мамандары бар.

Сонымен қатар сәулелік диагностика дәрігерлері – МРТ, КТ және рентгенология саласының сарапшылары, сондай-ақ ультрадыбыстық зерттеу жүргізетін мамандар жұмыс істейді. Ядролық медицина

мамандары ПЭТ/КТ диагностикасын жүргізеді.

Біздің орталықтар желісінде теле-медицина технологиялары белсенді қолданылады. Сәулелік диагностикаға қатысты барлық зерттеу нәтижелері – МРТ, КТ, ПЭТ/КТ, рентгенография және маммография – бірыңғай орталықтағы серверлерге жіберіледі. Оларды еліміздің әр өңірінен жиналған тәжірибелі радиолог дәрігерлер тобы қашықтан қарап, талдау жүргізеді. Ал күрделі немесе пікір алшақтығы туындаған жағдайларда мамандар консилиум өткізіп, ортақ шешімге келеді. Бұл тәсіл диагностикалық қорытындылардың сапасы мен нақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы ретте медициналық орталықтың қызметі тек онкологиялық аурулармен шектелмейтінін атап өткен жөн. Мұнда тұрғындарға денсаулыққа қатысты түрлі мәселелер бойынша кешенді медициналық көмек көрсетіледі. Пациенттер бейінді мамандардан кеңес алып, қажетті диагностикалық тексерулерден өтіп, көрсетілім бойынша амбулаториялық ем қабылдай алады. Орталық мамандары ересектермен қатар,

ПЭТ/КТ диагностикасы қатерлі ісіктің сатысын анықтауға, бірнеше түзіліс болған жағдайда бастапқы ісік ошағын анықтауға және соған сәйкес емді, хирургиялық араласуды немесе химиотерапияны тағайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл жабдық емдеу барысында ісіктің химиотерапияға берген жауабын бағалауға және аурудың қайталануын дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда радионуклидтік терапия бағыты да біртіндеп дамып келеді. Бұл ретте ел ішінде радиофармацевтикалық препараттар өндірісінің жолға қойылуының маңызы зор. Бүгінде Қазақстанда бес түрлі радиофармпрепарат өндірілсе, тағы бес препаратты әзірлеу және клиникалық тәжірибеге енгізу жұмыстары соңғы кезеңге жетті. Отандық радиофармпрепараттар өндірісінің дамуы еліміздің ядролық медицина саласындағы технологиялық әлеуетін арттырып қана қоймай, импортқа тәуелділікті азайтуға және радионуклидтік терапияның қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл – Қазақстандағы ядролық медицинаның тұрақты дамуы мен технологиялық

балаларға да медициналық қызмет көрсетеді.

Өзіңіз атап өткендей, ПЭТ/КТ аппараты – дәл диагностиканың «құнды стандарты». Оның өткізу қабілеті қандай? Қазақстанда осындай деңгейдегі қанша жабдық жұмыс істеп тұр?

- ПЭТ/КТ аппараты бір ауысымда 25 пациентке дейін қабылдай алады. Алайда радиофармпрепараттарды тасымалдау ерекшеліктеріне байланысты бұл көрсеткіш өзгеруі мүмкін. Аппарат аптасына екі күн жұмыс істейді.

Бүгінде Қазақстан бойынша 17 позитронды-эмиссиялық томографпен жабдықталған 12 ПЭТ-орталық жұмыс істейді. Елдегі ПЭТ диагностикасы желісінің кеңеюі пациенттердің жоғары дәлдіктегі радиоизотоптық зерттеулерге қолжетімділігін арттырып, онкологиялық ауруларды ерте анықтау, олардың таралу деңгейін бағалау және емдеу нәтижесін бақылау мүмкіндіктерін кеңейтті.

ПЭТ/КТ арқылы бейнелеу әдісі бастапқы диагностикадан бастап емнің тиімділігін бағалауға, терапияны жоспарлауға дейінгі кезеңдерді қамтитын заманауи онкологиялық хаттамалардың ажырамас бөлігіне айналды.

тәуелсіздігін қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам.

Радиофармацевтика өндірісін дамыту, ПЭТ-орталықтар желісін кеңейту және терmostиканың жаңа технологияларын енгізу диагностика мен емдеуді бірыңғай жоғары технологиялық жүйенің құрамдас бөлігіне айналатын дербестендірілген онкологияға көшуге негіз қалауда.

Онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау мемлекеттік скринингтік бағдарламалар және check-up арқылы қамтамасыз етіледі. Тұрғындарды ұсынылып отырған мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамыз.

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Ядролық физика институтымен бірлесіп, барлық өңірлердегі ПЭТ/КТ орталықтарының кең желісін радиофармпрепараттармен тұрақты қамтамасыз ету және жаңа дәрілік препараттардың түрлерін шығару мақсатында қосымша циклотрондық кешен құру жоспарлануда.

Жобаның басты мақсаты – заманауи ядролық медицинаның қолжетімділігін арттыру және соның нәтижесінде онкологиялық ауруларды емдеудің тиімділігін жақсарту.

Айгүл АХАНОВА

ҚАНДАЙ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР МЕН БАҒДАРЛАМАЛАР ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі пайдаланушылар мобильдік қосымшаларға ұсынатын рұқсаттарға мұқият қарау қажеттігін еске салады.

Қосымшаны орнату кезінде көптеген пайдаланушылар сервистің жұмысы үшін оның шынымен қажет екенін бағаламай, сұралған қолжетімділікке автоматты түрде келіседі. Нәтижесінде ондаған орнатылған бағдарламалар камераға, микрофонға, контактілерге, геолокацияға, файлдарға және басқа да деректерге қол жеткізе алады.

Артық рұқсаттар дербес ақпараттың таралып кетуі, оны заңсыз пайдалану және алаяқтық шабуылдар жасау қаупін арттырады.

Қосымшалар қандай деректерді сұрата алады?

- Қолданбалардың функционалдығына байланысты мыналарға кіруге рұқсат сұрай алады:

- геолокацияға – құрылғының орналасқан жерін анықтау үшін;
- камера және фотогалереяға - фото және бейне жасау немесе сақталған файлдарға қол жеткізу үшін;
- микрофонға - аудио жазу және жіберу үшін;
- контактілерге - телефон кітабына қол жеткізу үшін;
- файлдарға және құрылғының жадына – құжаттармен және басқа да файлдармен жұмыс істеу үшін;
- қоңыраулар мен SMS-ке - оның ішінде растау кодтары бар хабарларды оқу үшін;
- хабарламаларға - дербес ақпаратты қамтуы мүмкін хабарларды жіберу үшін.

Өрбір рұқсатты беру қажеттілігі қосымшаның функционалына сәйкес келуі тиіс. Мысалы, көптеген жағдайларда калькулятор немесе фонарь контактілерге, SMS немесе геолокацияға қол жеткізуді талап етпейді.

Артық қолжетімділіктің қаупі неде?

Егер қосымша немесе оны әзірлеушінің инфрақұрылымы кибершабуылға тап болса, алынған деректер қолды болып, қаскөйлер оларды қолдануы мүмкін.

Атап айтқанда, ақпарат мыналар:

- дербес фишингтік шабуылдарды дайындау;
- әлеуметтік инженерия және алаяқтық;
- басқа аккаунттарға қолжетімділік алу;
- пайдаланушының нақтыланған цифрлық бейінін құру;
- дербес деректерді заңға қайшы тарату немесе коммерциялық пайдалану үшін қолданылуы мүмкін.

Ерекше назар олардың негізгі функцияларымен байланысты емес рұқсатты сұрайтын қосымшаларға аударылуға тиіс.

Ең алдымен қандай рұқсаттарды шектеу қажет?

Геолокация. Орналасқан жерін тұрақты түрде анықтауды қажет етпейтін қосымшалар үшін «Қосымшаны қолдану кезінде» режимін таңдау немесе қолжетімділікті толығымен өшіру қажет.

Камера және микрофон. Ол жұмыс үшін шын мәнінде қажет болатын қосымшаларға ғана қолжетімділік беріңіз.

Байланыстар және файлдар. Егер қосымшаның функционалы телефон кітапшасымен немесе құжаттармен жұмыс істеуді көздемесе қолжетімділікті шектеніз.

Қай кезде қырағылық таныту қажет?

Мына жағдайларда:

- қосымша оның функционалымен байланысты емес көп рұқсат сұраған;
- әзірлеуші туралы дұрыс ақпарат болмаған;
- қосымша белгісіз немесе ресми емес көзден жүктелген;
- сервисіне үздіксіз жарнама немесе қалқымалы терезелер қамтылған;
- қосымша аның қажеттілігіз SMS-ке, байланыстарға, төлем және басқа конфиденциалды деректерге қолжетімділікті талап еткен жағдайда қосымшаны пайдалану қажеттілігін қайта қараңыз.

Есте сақтаңыз: Дербес деректер қаскөйлер мақсатты алаяқтық шабуылдар дайындау үшін пайдаланатын құнды ақпарат болып табылады. Қосымшаға өз жұмысыңызға қажетті мөлшерде ғана рұқсат беріңіз. Рұқсаттарды жүйелі түрде тексеру – дербес деректерді қорғауға және цифрлық қауіпсіздік деңгейін арттыруға көмектесетін қарапайым әдет.

ЕРІКТІ ТҮРДЕ ҚОНЫС АУДАРҒАНДАРҒА ТҮРҒЫН ҮЙ САТЫП АЛУҒА БЕРІЛЕТІН ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

Ерікті түрде қоныс аударуды ынталандыру мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанда 2017 жылдан бері жүзеге асырылып келеді.

Бағдарламаның басты мақсаты – жұмыс күші тапшы өңірлерге білікті мамандарды тартып, елдегі демографиялық және экономикалық теңгерімсіздікті жою. Осы орайда мемлекет қоныс аударушыларға жұмыс табуға, тұрғын үй мәселесін шешуге және бастапқы шығындарды өтеуге кешенді түрде көмектеседі.

Мемлекет бұған дейін баспана сатып алуға 1160 АЕК көлемінде қаржы бөліп келді; Енді Сертификат көлемі 1625 АЕК-ке дейін ұлғайтылды;

Теңгелей айтқанда 7 028 125 теңгені құрайды; Өзгеріс 14 тамыздан бастап ресми түрде қолданысқа енді.

7 млн. теңгелік сертификатты пайдаланудың басты шарттары бар

Ол бойынша бөлінген сертификат қаражаты азаматтардың қолына берілмейді.

Тек көшіп барған жерде жұмсалады. Қаражат тек азамат ресми түрде қоныс аударған елдімекеннен баспана немесе пәтер сатып алғанда төленеді. Онда да нақты құны ғана төленеді: Егер сатып алынатын үйдің немесе пәтердің нарықтық бағасы сертификат сомасынан төмен болса, яғни 4,5 млн. теңге болса, онда мемлекет келісімшартта көрсетілген осы нақты құнын ғана төлейді. Қаражаттың қалған бөлігі азаматқа қолма-қол берілмейді.

Жаңа ереже бойынша бұл бағдарламаға қатысушылар санаты кеңейтілді. Сұранысқа ие мұғалім, дәрігер, инженер, агроном және өңірде тапшы басқа да кәсіп иелері бағдарламаға қатыса алады.

Сондай-ақ шаруа және фермер қожалықтарының басшылары, ауыл шаруашылығын дамыту және аграрлық секторда жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында фермерлікпен айналысатын кәсіпкерлерге де бағдарламаға қатысуға мүмкіндік берілді.

Мемлекеттік бағдарлама еліміздің барлық аймағын қамтымайды. Оған тек еңбек ресурстарына сұраныс жоғары Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік

Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Абай, Ұлытау облысы енген.

Көшуге байланысты біржолғы өтемақы қалай төленеді?

Тұрғын үй сатып алуға берілетін сертификаттан бөлек мемлекет көшу шығындарын өтеу үшін біржолғы субсидия бөледі:

Өтемақы мөлшері 70 АЕК құрайды.

Бағдарлама қатысушысының өзі ғана емес, онымен бірге көшіп барған отбасының әрбір мүшесіне, яғни жұбайына, балаларына, ата-анасына жеке-жеке төленеді.

Баспана сатып алғанға дейін мемлекет қоныс аударушыларға 12 ай бойы үйді жалға алуға және коммуналдық қызметтерді төлеуге ай сайын өтемақы төлейді.

Бұл төлемнің көлемі отбасы құрамына және тұратын жеріне байланысты:

Қалада тұратындар үшін ай сайын 20-30 АЕК аралығында; ауылдық жерде тұратындар үшін ай сайын 15-21 АЕК аралығында төленеді.

Бағдарлама қатысушылары жаңа жерге барған соң жұмыссыз қалмайды. Мемлекет тарапынан кепілдіктер қарастырылған:

Жергілікті Мансап орталықтары мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға белсенді түрде көмектеседі. Қажет болған жағдайда тегін кәсіби оқыту және біліктілікті арттыру курстарынан өткізеді.

Егер қоныс аударушы бірден үй сатып ала алмаса немесе лайықты баспана таппаған жағдайда азаматтарға қызметтік тұрғын үй немесе жатақханадан бөлме уақытша пайдалануға беріледі.

Барлық өтінімді қабылдау процесі толық цифрландырылған. Қатысуға тілек білдірушілер migration.enbek.kz порталы арқылы онлайн өтініш бере алады.

Порталда қоныс аудару өңірлерінің интерактивті картасымен танысу, әр өңір бойынша сұранысқа ие мамандықтар тізімін тексеру, жұмыс берушілер ұсынған бос жұмыс орындарын қарау мүмкіндігі бар.

Келіп түскен өтініштер 14 жұмыс күні ішінде қаралып, шешім шығарылады.

"Ақшамның" асханасы

ҚАРБЫЗ МАРИНАДЫ

Қажетті заттар: 1 банкі қарбыз маринадын дайындау үшін 500-600 гр. қабығы алынған қарбыз еті керек. 500 мл. су, 2 ас қасық кант, 1 шай қасық тұз, 2 ас қасық 9%-дық сірке суы, 1 лавр жапырағы, 4-5 түйір кара бұрыш, калауына қарай 2-3 қалампыр.



Дайындалу әлісі: Қарбызды қабығынан, тұқымынан тазартып, 2-3 см көлемінде кубик етіп тураймыз. Банкі мен қақпағын залалсыздандырамыз. Содан соң қарбыз кубиктерін тығыз етпей банкіге саламыз. Суға кант, тұз, лавр жапырағы, бұрыш, қалампырды қосып 2 минут шамасында қайнатамыз. Сірке суын құямыз, содан соң маринадты оттан түсіріп, бірден банкідегі қарбызға құямыз. Банкінің шетіне дейін жеткізудің қажеті жоқ. Қақпағын жауып, банкіні төңкеріп, әбден суығанша қымтап қоямыз. Салқын жерде сақтаған дұрыс. 2-3 апта өткеннен кейін пайдалануға болады. Негізгі қарбыз маринады жаңа жылға дейін сақтауға тәзімді. Ет тағамдарымен, тіпті кәуаппен қосып жеуге өте қолайлы. Сондай-ақ маринадталған қарбызға көкжидек, салат жапырағын, кептірілген кара нан қосып, оған табиғи йогуртты қосып, қысқы салат дайындауға болады.

“ЖАЛҚАУ” ЖИДЕК ЧИСКЕЙГІ

Тез дайындалады, көп уақыт піспейді, қарбалас қимыл да қажет емес. Тек кілегей ірімшігі, йогурт және балғын жидек болса болғаны.

Қажетті заттар: 250 гр. кілегей ірімшігі, 200 гр. құмшекер пешенайы, 150 гр. грек йогурты, 70 гр. сары май, 60 гр. қант ұнтағы, безендіру үшін жидек.



Дайындалуы: пешенайды әбден үгітіп, еріген маймен араластырамыз. Содан соң шағын қалыпқа, немесе стаканға салып, тығыздаймыз. Ірімшікті қант ұнтағын және йогуртты біркелкі қоймалжыңға айналғанша араластырамыз. Дайын болған осы кремді қалыптағы, немесе стакандағы пешенайдың үстіне саламыз. Дайын болған чискейкті 2-3 сағатқа мұздатқышқа салып қоямыз. Дастарханға қояр алдында жидекпен безендіреміз. Негізгі жидекті мұздатқышқа қойып мұздатып алған дұрыс.

ЙОГУРТТЫ МАНГО МУССЫ

Экзотикалық дәм. Манго мен йогуртты алдын ала мұздатқышта мұздатып алса әдемі көрінеді.

Қажетті заттар: 1 манго, 150 мг. майлы кілегей, 100 мг йогурт, 2 ас қасық бал, 5 гр. желатин.



Дайындалуы: 25 мг. суда желатинді ерітеміз, 10 минут бекітіріп қоямыз. Мангоны кубик етіп тураймыз. Кілегейді әбден көпіргенше араластырамыз, оған йогурт пен бал қосамыз. Үстіне еріген желатинді қосып, содан соң мангоға әдбен араластырамыз. Бокалдарға құйып мұздатқышта 2-3 сағат салқындатамыз. Дастарханға қоймас бұрын манго муссына жидектер, сондай-ақ манго езбесін қосуға болады.

ШИЕ СОРБЕТІ

Қажетті заттар: 400 гр. шие, 80-100 гр. қант, 2 ас қасық лимон шырыны.



Дайындалуы: алдын ала мұздатқышта мұздатылған шиені блендерге салып, үстіне қант, лимон қосып, әбден езбеге айналғанша айналдырамыз. Сорбет дайын болған соң оны ыдысқа құйып, 2-3 сағат мұздатқышта мұздатамыз. Дастарханға қояр алдында жалбыз жапырағымен әсемдеуге болады.

ГРАНОЛА, ТАҢҚУРАЙ ҚОСЫЛҒАН ЧИА-ПУДИНГ

Клетчаткіге, Омега-3-ке өте бай десерт. Таңғы ас ретінде әзірлеп, мұздатқышта сақтауға болады.

Қажетті заттар: 250 мг. каκος, немесе миндаль сүті, 100 гр. таңқурай, 4 ас қасық чиа тұқымы, 40 гр. гранола, 1 ас қасық бал.



Дайындалуы: чиа, сүт және шырынды қосып араластырамыз. Бетін жауып, мұздатқышқа түнге қалдырамыз. Чиа тұқымы бөгіп тұрады. Таңертең ыдыстарға құйып, үстінен гранола мен жидекті саламыз.

4 ЗАТТАН ҒАНА ТҰРАТЫН САЛАТ

Қажетті заттар: 200 гр. краб таяқшалары, 5 түйір тауық жұмыртқасы, 1 банкі қалбырдағы жүгері, 1 банкі өз шырынындағы мандарин, майонез.

Дайындалуы: Алдымен краб таяқшаларын



майдалап тураймыз, содан соң тәрелкеге бірінші қабат етіп саламыз, үстінен майонез жағамыз, жүгеріні екінші қабат етіп саламыз, тағы да майонез жағамыз, үшінші қабатқа туралған мандаринді саламыз, үстіне майонез жағамыз, төртінші қабат майда туралған жұмыртқа, бұның да үстіне майонез жағамыз. Ас дәмді болсын.

ҮЙДЕ АС ДАЙЫНДАУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Ғалымдардың жаңа зерттеуі бойынша үйден ас әзірлемей, оны ылғи тапсырыспен алдырту ми жұмысына кері әсер етеді екен. Үйде жиі ас әзірлеу егде жастағы адамдар үшін деменциядан қорғаныш болса керек. Ғалымдар 65 жастан асқан 10 мың жапондықты алты жыл бойы бақылаған. Нәтижесінде ең құрығанда аптасына бір рет үйінен ас әзірлеген адамдар деменциямен сирек ауырады. Зерттеушілердің пікірі бойынша ас әзірлеген кезде адамның есте сақтау және көңіл бөлу, сондай-ақ жоспарлау мен шешім қабылдау, қимыл қозғалысты үйлестіру, дене белсенділігі реттеліп отырады. Азық-түлікті сатып алу, бірге ас ішудің өзі де әлеуметтік байланысты нығайтады екен.

Тағы бір зерттеушінің пікірі бойынша ас әзірлеген кезде билеп тұрса, тіпті жүрекке жақсы. Қуаттың жұмсалуы қарқынға байланысты. Мәселен кез-келген әуенге 10 минут билегеннің өзінде 40-тан 60 каллға дейін жағып жіберуге болады. Ал өте тез қимылдаған жағдайда 80-100 калл кетеді. Ас әзірлеген кезде көптеген жаттығуларды да орындауға болады. Мәселен 10-15 рет аяқ ұшынан тұру, 8-10 рет артқа қарай шалқау, 8-12 рет ас үстелінен серпілу.

Өріне үй асханаларында ас әзірлеу көбіне егде жастағыларға тән. Ал жастар негізінен тапсырыспен тамақ алдырғанды ұнатады.

ҰЗАҚ ЖАСАЙТЫНДАРДЫҢ ДИЕТАСЫНЫҢ

СЫРЫ ҚАНДАЙ?

Гректің Крит аралының, Италияның оңтүстігінің және испандық Андалусия тұрғындары ұзақ жасайды. Оларда жүрек ауруы, диабет, рак және деменция сирек кездеседі екен. Олар 80-90 жастың өзінде де өте сергек, әрі белсенді. Ғалымдар бұны біраздан бері зерттеп келеді екен. Олардың қорытындысы бойынша мәселе гинетикада емес, тамақтануда. Олардың өмір салты Жерорта теңізінің диетасы аталады екен. Негізгі олардың диетасын күнделікті ас мәзіріне ендіріп, біздің де ұзақ жасауымызға болады. Қиын емес.

ЗӘЙТҮН МАЙЫ

– МАЙДЫҢ

БАСТЫ

ҚАЙНАР КӨЗІ

Олар майдан қорықпайды, бірақ дұрыс май болуы керек. Ең бастысы – зәйтүн майы. Оны салаттарға қосады, онымен ас әзірлейді, тіпті нан батырып та жейді. Өйткені зәйтүн майы антиоксиданттарға, пайдалы майларға бай. Ол холестериннің деңгейін төмендетеді, ағзадағы ісінуді, қабынуды азайтады, жүрек-қан тамырлары жүйесін қорғайды. Негізгі маргаринді, тіпті сары майдың өзін де зәйтүн майына ауыстырған дұрыс. Қуырылған, пеште піскен тамаққа да, көкөністен жасалған салатқа да қосуға өте пайдалы. Тағы бір пайдалы май жаңғақтар, грек, миндаль, тұқымдар, абакато. Оларды да салаттарға, көкелерге, йогурттарға қосады. Бір шым-шым болса да осы дәндерді жеуді әдетке айналдырса ағза жұмысы жақсарады.



БАЛЫҚ ПЕН ТЕҢІЗ ӨНІМДЕРІ

АПТАСЫНА 2 РЕТ

Бұл диетادا қызыл ет атымен жоқ екен. Негізгі оны аптасына бір рет қана жейді. Тіпті жемейді десе де болады. Оның орнына балық пен теңіз өнімдерін көп пайдаланады. Өсіресе майлы теңіз балықтары: скумбрия, сардины, анчоус, тунец, ласос Омега-3-ке өте бай. Омега-3-тің пайдасын бөріміз де білеміз. Жүрек талмаларын азайтады, қабынуды болдырмайды, мидың жұмысын жақсартады. Аптасына кемінде 2-3 рет балық жеген дұрыс. Көкөністер қосып, немесе грильге дайындауға болады. Салаттарға да қосуға болады. Қалбырдағы өз сәліндегі тунец пен сардины өте тиімді. Тауық пен жұмыртқаны да көп жейді. Алайда тауықтың терісін алып тастайды, ал жұмыртқаны аптасына 4 түйірге дейін.

КӨКӨНІС, ЖЕМІСТЕР, ДӘНДІ DAҚЫЛДАР

КҮН САЙЫН

Жерорта теңізі тұрғындары негізінен көкөністермен, жемістермен тамақтанады. Күніне 5 ретке дейін жейді десе де болады. Жасымық, ноқат, фасоль аптасына 2-3 рет жейтін тағамдары. Ал нан мен макаронның тек дәнді дақылдардан дайындалғанын пайдаланады. Түскі ас ішкен кезде көкөністерден жасалған салаттан бастаған жөн. Гарнирге картоп дайындағаннан гөрі жасымық, немесе ноқат әзірлеген дұрыс. Таңғы асқа ақ нан жегеннен гөрі қара нан, немесе сулы жармасынан көже пайдалы. Көкөністі ас мәзірінен түсірмеген дұрыс. Тәрелкенің жартысы көкөніс, төрттен бір бөлігі белок, яғни балық, тауық еті, ал қалған бөлігі дәнді дақылдардан көже болса ағзаға өте пайдалы.

Жерорта теңізі диетасы бұл тек тағамдар тізімі емес. Өмір сүру салты да бар. Олардың күнделікті дағдылары әртүрлі аурудан болатын өлімнің 20-30 пайызға азаюына әсер етеді екен. Біріншіден дене белсенділігі. Күнделікті серуен, бақшада жұмыс істеу, биге қатысу – бұл олардың күнделікті дағдысы. Спортзалға бару міндет емес. Ең бастысы қозғалыс.

Отбасы болып бірлесіп ас ішу – телефонсыз, телевизорсыз, бір-бірімен әңгімелесіп, тамақтанудың өзі ас қорытуды жақсартып, стрессті төмендетеді екен. Ұйқының жеткіліктілігі мен көңілді демалыстың өз пайдасы бар. Күнделікті 7-8 сағат ұйықтап, түскі уақытта демалып, асықпай жүрудің өзі ағзаға жақсы әсер етеді. Спиртті ішімдіктердің де өз шегі бар. Кешкі ас барысында қызыл шарап ішу дәстүрі сақталған, бірақ аз мөлшерде. Әйелдер үшін бір бокал, ерлер үшін 1-2 бокал.

Ас ішуде шектеу жоқ. Тек кейбір тағамдарды жеуге шектеу қойылған. Мәселен қызыл етті айына небәрі 1-2 рет қана жеуге болады. Өңделген еттерді: мәселен колбаса, сосиска дегендерді мүлдем жеуге болмайды. Қант, тәтті газды сусындарды, магазин десерттерін азайту керек. Өңделген майлар мен трансмайлар алаңсыз қолданылмайды. Мейрамда торт, демалыста көуап жеуге болады. Бірақ оны жиі жеуді әдетке айналдырмау керек.



Тоқты



Олар ақшаға көп мән бере бермейді, бірақ тақырға отырып қалатын кезі сирек. Әдетте Тоқтылардың керемет жоспарларын жүзеге асыруына қаржы жеткілікті.

Болмашы нәрсенің өзінен әжептәуір қаржы құралады. Бірақ кей сәттерде ақшаны бас-көзіне қарамай жұмсайды. Негізгі қаржы кеңесшісі қажет.

Торпақ




Ертедегілердің айтқанындай ақшанды қайда саларынды білмесең Торпақтан сұра. Олар тәуекелі аз, болашағы бар инвестициялар туралы жақсы біледі. Негізгі Торпақтар сараң емес. Бірақ үнемшіл. Ақшаны бас-көзге қарамай жұмсау оларға тән емес. Дегенмен арасында шашылып тұруға болады. Өйткені жинақтағаны бар.

Егіздер



Олардың көптеген құпия, жасырын жоспарлары, таланттары жерлерлік. Тіпті өздері де кейбіріннің түбіне жетіп болған жоқ. Бұрынғы және жаңа жобаларында табысты қаржылық идеялар, бастамалар бары

Шаян



Олардың түйсігі тәуекелге бейім, инвестицияларға қаржы құйғысы келеді. Бірақ таразының екінші ба-сында сақтық пен консерватизм басым. Әдетте ескішілдігі оған көп кедергі. Шаяндар ақшаны өте жинағыш, үнемшіл. Отбасына, отбасылық құндылықтарға, жақсы көретін туысқандарына, сондай-ақ қымбат қозғалмайтын мүлік алуға қаржы салады. Ал тәуекелділігі жоғары инвестиция барлық Шаяндарға тән емес.

Арыстан



Шопоголик емес. Бірақ әдемі заттарды ол, әдемі заттар оны жақсы көреді. Мәртебесін биіктетін қымбат көлік мінгенді ұнатады. Дегенмен Арыстандар бәрін есеппен жасайды. Олар жомарт, бірақ ақшаны ретсіз шашпайды. Сыйға бергенді жақсы көреді, бірақ талан-тараж етпейді. Өйткені өзінің мәртебесіне сай болғысы келеді. Оның ойында өзіне және командасына қаржы салған өте тиімді.

Бикеш



Олардың ұраны “жалақы бермесең бермей-ақ қой, жұмыс бер”. Бұл ұранды өзгерту керек. Мәселен “жұмыс істеген зиянды емес, демалмаған зиянды”. Өте еңбекқор, өмір сүруге бейім, ақшасын қатты есептейді, жұмсағанды жоспарлайды. Кейде авантюризм жетіспейді. Негізгі тәуекел ете де білу керек.

Таразы



Үйлесімділік іздеп, қиял қуып жүреді. Ауа белгісіне жататындықтан болар, жерге тән нәрсе қызықтыра бермейді. Мәселен ақша. Алайда алдына іскерлік мақсат қойса, оған қол жеткізбей ынтбайды. Бекерге ақша шашқанды ұнатпайды. Өз қаржысына қарап, өмір сүреді. Бірақ қаржыға көңіл бөле бермейді. Сондықтан да есеп шотын, каспий голдын тексеріп тұрған, қаржы жұмсауды жоспарлаған дұрыс.

Сарышоян



Жұлдыздар әлеміндегі қаржыға бағынатын белгі. Түйсікті, тәртіпке бағын-

дырады. Жағдайға қарай бейімделіп отырады. Ақша табуға өте бейім. Ешқашан ақшасыз қалмайды. Алайда өз қабілетіне деген сенімділігі қосымша шығындарға ұрындыруы мүмкін. Ол үшін әрдайым біліктілігін арттырып, сақтанып, шығындарын есептеп отырғаны дұрыс.

Мерген



Мәңгілік саяхатшылар. Әрдайым өз саяхаттарында керек уақытта, керек жерден табылады. Керемет өміршендігі мен жарқындығы арқылы адамдарды топтастыра біледі. Командасын ылғи жеңіске бастайды, іскерлік және қаржы әлемінде. Ол үшін пайда маңызды емес... процесс маңызды.

Әте бейнетқор.



Бұл бір көп жалақы алсам, көп тапсам деген ниеті емес. Табиғаты солай. Өзінің тапқанына барынша сақ қарайды. Ақшаны жұмсауға, қаржы салуға асықпайды. Тауешкілер өзі тұратын жерге жақын аймақтардағы арзандатылған бағаны жақсы біледі, тапқанын көзіл көтеруге жұмсай бермейді.

Суқұйғыш



Статистика бойынша өте жолы болғыштар. Сондай-ақ бас-көзге қарамай ақша жұмсағыштар. Көбіне алаяқтардың да құрбаны болып жатады. Ақша мүмкіндігіне қарамастан өз көңіл қалауын жоғары қояды. Армандаған затына ақшасының жетпейтінін есепке алмайды. Ақшаға өте жеңіл қарайды, ешқандай шектеу жоқ, дағды да қалыптастырмаған. Ақшаға тәуелді болмауы кездейсоқ шешімдер қабылдауына, инвестиция жасауына оң әсер етеді.

Балық



Көңілшек, қайырымды Балықтар қайырымдылық жасағанды жақсы көреді. Егер де ол иттерді аман сақтап қалу үшін ай сайын төлем төлеп жүрсе таң қалмаңыз. Әдетте көп жұрт Балықтарды жалқау дейді, бірақ олар адамзаттың барлығының болашағы үшін іс атқаруға қуатын сақтайды. Аяқ астынан ақша жұмсауға, ойланбаған қаржылық шешімдер қабылдауға бейім. Бірақ әдетте шығармашылық шешімдері олардың қаржысын сақтап қалады. Алдына айқын мақсат қоя білгенде, ақшаға салмақты көзқарас қалыптастырғанда, Балықтардың қал-тасы жұқармайды.